



# ПИОНЕР

№ 1 ЯНВАРЬ  
АЛМАТЫ 1959

Еркеш Ибраһим.

## СОВЕТТИК ЖЕР СЕРІГІ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

I

Ұқсайды әлем футбол алаңына,  
Өнер — футбол добындай

домалайды.

Жеткендер дәлдеп теуіп қалады да,  
Доп еркін алаң ішін аралайды.

Доп, бірақ, тек тұрғанға

бұрылмайды,

Етсе де жақтаушылар безек-безек.  
Өнер добы осылай зырылдайды  
Ғалымдар қақпақылдап-кезек-кезек.

...Аяғы жетпей құлап жатқан не сән,  
Мұқай ма өнер босқа долырғанға!  
Торға бір оралмаса допта не сән,  
Қақпаға мерген аяқ дәл ұрғанда.

— Мейлі кім болса дағы алаңдағы  
Жүгіру, допқа жету — салты, заңы.  
Ендеше бөгелме, дос, бар, ал дағы  
Теп қатты, торға қарай қарсыдағы.—

Деп уақыт айтып еді саңқылдатып,  
Алаңда ал қым-қиғаш ойын қызды.  
Жүйріктер жұмыр жерді

солқылдатып,

Біз тегіс бұра қалдық мойнымызды.

Шартпа-шұрт екі жақ та шайқасуда,  
Сан саққа өнер добын шапқылатты.  
Балға мен орақ белгі майкасында  
Бір адам кенет допты тепті қатты.

Доп сонда тылсым торды жыртып

өтті,

Тылсым тор жатты жерде шаң-шаң

болып.

Жұлдызды жолындағы дүркіретті  
Шу ете қалды дүние аң-тең болып!

II

Мен тұрмын сол биіктен көзімді

алмай

Түрткендей қуаныштан төбем көкті.

Ішінде болат шардың өзім бардай  
Қауесет серік жәйлі өлеңдетті...

Бір елес тұра қалды ойқастап көп,  
Жылдар да жылдар бұрып кеткен  
өтіп.

Өкеме сол бір елес ой тастап көп  
Өмірге кеткен екен екпелетіп.

...Отырған қой шетінде қара бала,  
Айтақтап анда-санда дыбыс беріп.  
Аспанды жұлдыз кернеп бара-бара  
Кеткен ол күміс таққан пүліштөніп.

Отырды алыс отқа ғажап қалып,  
Ит үріп бұзылса да көйде шырқы.  
Ағыпты сонда жұлдыз қанаттанып  
Аспанға тұтатқандай бейне шырпы.

Сол сәтте қара бала күбірлепті  
«Жұлдызым жоғары» деп аспандағы.  
Жүрегі бірақ мұздап дірілдепті  
Бұл бейнет босатпас деп қашсаң  
дағы.

Елу жыл өкем жаны шырылдапты  
«Дүниеден рахат көргем жоқ әлі»,—  
деп

Өйтседе жұлдыз ақса сыбырлапты  
— Жұлдызым аспандағы жоғары,—  
деп.

Ол бірақ білгені ме келер күнін,  
Бақыттың орнайтынын қыр елінде.  
Сол жұлдыз беріп бізге өнер-білім  
Аспандап қонақтарын Кремльге.

Қарасам қазір жұлдыз шарбағына,  
Өкемнің сыбырлаған сөзем үнін,  
Асатын шолпанның да ар жағына  
Өнерін білгені ме өз елінің?..



# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 1

ЯНВАРЬ  
1959 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.



## БІР ҮЙДЕ



Н. Ғабдуллин.

(Бір көріністі пьеса)

Қатынасшылар:

- |                                   |             |
|-----------------------------------|-------------|
| 1. Жақып — колхоздың ағаш шебері. | 4. Қарлығаш |
| 2. Жәмилә — сауыншы.              | 5. Жолтай   |
| 3. Сәрсен                         | 6. Аяз ата. |

(Оқиға Жақыптың үйінде болады).

Әдемі кең бөлме. Ортаға елка орнатылған. Қарлығаш осы елканың бұтақтарына ойыншықтар, өрнектер іліп, әшекейлеп жүр. Көңілденіп, ақырын ғана әндетіп қояды. Он жақтан есігі көрініп тұрған екінші бөлмеден Жолтай жүгіріп шығады.

Қарлығаш. Тыныш! Ақырын жүр! Елканы құлатасың.

Жолтай. Бір кәмпит берсең, кетемін.

Қарлығаш. Ненің ақысы?

Жолтай. Мен елканы әкелуге көмектестім ғой.

Қарлығаш. Кісіге маза бересің бе, жоқ па?

Жолтай. (аузын томпайтып, өкпелеп), Ылғи үлкенсі береді екенсің...

Қарлығаш. Әрине! Сенен үлкен екенім рас қой. Мен — жетінші кластың, ал сен — бесінші кластың оқушысысың. Айырмашылық бар ма, жоқ па?

Жолтай. Бар.

Қарлығаш. Ендеше сөзді көбейтпе.

Жолтай. Көбейтемін.

Қарлығаш. Жұмысыма бөгет жасама,

Жолтай. Енді қоймасаң апама айтамын.

Жолтай. Бір кәмпит бер, кетейін.

Қарлығаш. Жақындама елкаға, құлатасың. Енді қоймасаң, сазайынды берем.

Жолтай. Батырсынбай-ақ қой.

Қарлығаш. Осыдан жақындап көрші, қане? (Жолтай ызаланып елкаға тап береді. Қарлығаш оны қолынан ұстай алады).

Жолтай. Жібер!

Қарлығаш. Қоясың ба, жоқ па?

Жолтай. Жібер!

Қарлығаш. Апамды шақырайын ба?

Жолтай (жұлқынып). Жібер деймін!

Қарлығаш. Папама айтамын.

Жолтай. Мейлін... Жібер қолымды.

Қарлығаш. Қоямын деп уәде бер! Бол!

(Жәмилә кіреді).

Жәмилә. Қарақтарым-ау, бұлардың не? Төбелесіп жүрсіндер ме? Әй, Жолтайжан-ай, тыныш жүрмейсің-ау сен.

Жолтай. Мен емес, өзі тиіскен әуелі...

Қарлығаш. Елканы құлата жаздады.

Жәмилә. Жә, татуласындар екеуін.

Жолтай. Мен татуласпаймын. (шығып кетеді).

Қарлығаш. Қарайгөр өзін!

Жәмилә. Пай-пай, Жолтайжан-ай, еркекті қашаң қояр екенсің осы сен. (Басын шайқап, Жолтайдың соңынан ере шығады).

Қарлығаш (өзіне). Оны осы елканың жанына жолатсам ба!

(Сырттан, қолында сумкасы бар Сәрсен кіреді. Ол пальтосы мен малақайын шешіп, төрге апарып іліп қояды).

Сәрсен. Елканы лездің арасында қандай әшекейлеп қойғансың. Өте тамаша!

Қарлығаш (Сәрсеннің киімін нұсқап). Мыналарды киім ілгішке апарып іліп кел.

(Сәрсен пальтосы мен малақайын құшақтап шығып кетеді де, сәлден соң қайта кіреді).

Сәрсен. Мен тракторшы Есен ағайды қонаққа шақырдым. Ол Аяз ата болады.

Қарлығаш (қуанып). О, алақай!

Сәрсен. Содан соң көршіміздің балаларын елкаға түгел шақырдым.

Қарлығаш. Сәулеге, Раяға айттың ба?

Сәрсен. Олар да келетін болды.

Қарлығаш. Өте жақсы! Ал, магазинге бардың ба?

Сәрсен (басын изейді). Бірақ, сенің тапсырған затың табылмады. Магазинде құстың маскасы жоқ екен. Оның орнына, міне, мынаны алдым. (Сәрсен сумкасынан ешкінің басының маскасын алады да, Қарлығашқа ұсынады. Қарлығаш басына киеді. Осы сәтте екінші бөлмеден Жолтай шыға келеді).

Жолтай (Мәз болып күліп). Мүйізі қандай үлкен! Сақалын қара... шошаң-шошаң етеді.. Ешкі-ешкі... дәл Қарлығаштың өзі сияқты.



Сәрсен. Жолтай!

Қарлығаш. (Масканы басынан жұлып алып, Сәрсенге). Мә, өзін ал, мен мұны кимеймін!

Жолтай. Сәрсен аға, маған берші, мен киейін.

Қарлығаш. Ненің ақысы?

Жолтай. Саған жараспайды ғой.

Қарлығаш. Бәрібір!

Жолтай. Елкана тиіспеймін енді.

Қарлығаш. Әлгінде жасаған тәртіпсіздігінді ұмыттың ба!

(Сәрсенге). Елканы құлатып сындыра жаздады. Апам арашалады.

Жолтай. (Қарлығашқа). Ұрысқақ!

Қарлығаш. Не дейсің? Аулақ тұр елқадан. Сені бұл жерге жолатпаймын. Көресің!

Жолтай. Мен апама айтамын. (өкпелер шығып кетеді).

Сәрсен (Қарлығашқа). Сен неге Жолтайды ренжіте бересің. Ол кіші ғой сенен.

Қарлығаш. Тілімді неге алмайды?

Сәрсен. Ызalandырмауың керек.

Қарлығаш. Ал, ақыл айтсаң да тындамайды. Ал, еркетай!

Сәрсен. Тындайды.

Қарлығаш. Тындамайды.

Сәрсен. Мен білемін ғой.

Қарлығаш. Мен де білемін.

Сәрсен. Сен менімен дауласпа, мен үлкенмін сенен. Сондықтанда білемін. Ұқтың ба? (Қарлығаш селкос басын изейді).

Қарлығаш (төртегі қабырға сағатқа қарап). Папамның жұмыстан келетін уақыты болып қалыпты ғой. Қалай қарсы аламыз?

Сәрсен. Асықпа. Қазір бәрі біздің жоспар бойынша орындалады. (Ірілі-уақты бір топ бала дабырлап үйге кіреді). Міне, қонақтарымыздың алды келді.

Қарлығаш (қарсы алып). Жоғары шығындар, қонақтар!


(Жолтай жүгіріп шығады).

Жолтай (таңырқап қуанып). Оho! Қайдан келдіңдер, әй?

Сәрсен. (түсіндіріп). Біздің елканың басында Аяз атаны қарсы алуға келген қонақтар.

Балалар (бәрі қосылып). Жаңа жылды қарсы аламыз.

Жолтай. Ә-ә... түсінікті... (Жүгіріп барып, басына маска киіп ала қояды). Ал, қараңдар маған, жараса ма? (Қарлығашқа).



Қарашы деймін, ешкінің сақалы жараса ма?

Қарлығаш. Әрі тұршы өзін.

Жолтай. Мүйізі қандай, ә? (Қарлығаш теріс айналады).

Сәрсен (Жолтайға) мүйізі әйбәт!

Бөлменің есігі ашылады. Жақып көрінеді.

Қарлығаш (әкесіне). Хош, келдіңіз, папа!

Жолтай. Хош келдіңіз (Қарлығаш сөзімді бөлме дегендей оны жеңінен тартып қалады).

Жаңа жылды бізбен бірге қарсы алыңыз!

Жақып. Жарайды, рахмет, қарақтарым. (Балалар қол шапалақтайды. Жәмилә шығады. Ол аң-таң).

Жәмилә. Құлындарым-ау, бұлардың не жа- жап!



Қарлығаш. Апа, жаңа жылды қарсы аламыз, тойға күтты болсын айтыңыз.

Сәрсен. Шашу шашыңыз.

Жолтай. Өлең айтыңыз.

Жәмилә (қуанып). Той тойға ұлассын! Мерейлерің өссін бәріңнің!

Сәрсен (терезеден қарап келіп). Ал қазір бәріміз сағынып күткен сыйлы қонағымыз келеді.

Жолтай (Сәрсенге). Ол кім, ә?

Қарлығаш. Қазір көресің.

(Сәл тым-тырыс. Аздан соң есік ашылады. Ақ шапанды, ақ сақалды, қолында таяғы бар Аяз ата шығады. Тұрғандар қол шапалақтайды).

Балалар (бәрі қосылып). Хош келдіңіз, Аяз ата!

Қарлығаш. Төрлетіңіз, Аяз ата!

Жолтай. Сәлеметсіз бе, ата!

Жәмилә. Есенсіз бе, атай!

Жақып. Жоғары шығыңыз!

Аяз ата. Бәріңізге иіліп сәлем бердім! (Кеудесін қолымен басып, басын иеді). Үйден шыққанымда он екі айдың жүзі болды. Осы ауылға бүгін жеттім. Жолшыбай көрген ғаламатым ұшан-теңіз.

Жолтай (шыдамсызданып). Неше қасқыр көрдіңіз? (Қарлығаш Жолтайды жеңінен тартып қалады).

Аяз ата. Барлық жерде де халық мені қуанып қарсы алды. Өздерінің табыстарын көрсетіп, көңілімді өсірді.

Қарлығаш. Біздің де сізге көрсетер табыстарымыз бар.

Аяз ата. Әуелі соны баяндаңдар маған. Қуанышымды тасытыңдар! (Жақыпқа). Бірінші сөзді сізге берсін, отағасы.

Жақып. Мен колхоздың ағаш шеберімін. Колхозшыларға арнап үй саламыз. Биылғы тапсырмасын екі есе орындап шықтық.

Аяз ата. Табыстан табысқа жете беріңіз. (Жәмиләге). Ал, ендігі сөз кезегі сіздікі.

Жәмилә (күліп). Айтайын. Өз қарауымдағы он бес сиырдан он бес бұзау алып, күйлі өсіргенім үшін кеше жиналыста маған да сыйлық берілді.

Аяз ата. Табысыңыз арта түссін! (Қарлығашқа). Сен қызым, қарт атанды қалай қуантар едің?

Қарлығаш. Мен жарты жылдың оқу қортындысын түгел беспен аяқтадым.

Аяз ата. Өте тамаша! Бұл сөзің мені ерекше қуанышқа бөлейді. (Сәрсенге). Ал, сен сөйлеші, қарағым.

Сәрсен. Біздің кластың оқушылары биыл төрт машина металл сынығын жинады.

Аяз ата. Өте жақсы! (Шеткі екі балаға бұрылып). Сендердің қандай жақсы істерің бар?

1-бала. Мен самолеттің моделін жасадым.

2-бала. Мен фотоаппаратпен сурет түсіруді үйрендім.

Аяз ата. Бұл өнегелі істеріңе қуанамын. (Жолтайға еңкейіп). Ал, балақай, Аяз атаңды сен қандай табысыңмен қуантасың? Са-

бағынның токсандық қортындысы қандай? Тәртібің жақсы ма? (Жолтай қызарып төмен қарайды).

Аяз ата. Неге үндемейсің балакай?

(Бәрі Жолтайға қарап қалады).

Жолтай (жыламсырап). Менің арифметикадан екім бар.

Аяз ата. Ә-ә... Сол себепті қиналып тұр екенсің ғой. Әрине, жақсы емес бұл, қатарыңнан қалып қойғаның ұят. Бұдан былай жақсы оқуға уәде бересің бе маған?

Жолтай (кемсендеп). Уәде беремін.

Қарлығаш (Аяз атаға). Уәдесін қалай орындағанын мен тексерейін.

Аяз ата. Бәріміз де бақылайтын боламыз... Жана жылда жаңа табысқа жетейік!.. Ал енді ән басталсын!

(Бәрі қол ұстасып, елқаны айналып ән айтады).

Қарлығаш (ән аяқтала бергенде). Жасасын жаңа жыл.

(Шымылдық).




### ӨГІЗ ІШІП КЕТІПТІ

Көк шалшыққа біз келдік,  
Қолмен балық іздедік.  
Біреуін де таппадық,  
Бірақ, күдер үзбедік.

Салдық суға уысты,  
Тінтіп қуыс-қуысты.  
Кенет келіп бір өгіз,  
Көл шалшықтан су ішті.

Суға қайтып біз келдік,  
Қайта балық іздедік.  
Көшке жақын түсті еске,  
Қателестік біз дедік.

Арқаладық етікті  
Босқа уақыт өтіпті.  
Сумен бірге балықты  
Өгіз ішіп кетіпті.



### БІЛГІШ

Жаңа келген қаладан,  
Сұрадым бір баладан;  
— Қандай екен трамвай?  
— Трамвай ма, трамвай?  
Сырғанайды темірмен,  
Емес біздің құнандай.  
Өзім мініп айдап ем,  
Жылжи берді жайменен.  
Керегі жоқ көмірдің,  
Жүреді жанар майменен.  
— Майды қайда құяды?  
— Тесік о жақ, бұ жағы.  
Трамвайға қай жерден  
Май құйса да сияды.  
Әбден қанық қалаға,  
Тағы да әлгі балаға.  
Сұрақ қойдық былай деп.  
— Онда арыстан бола ма?  
— Арыстан ба, арыстан,  
Шыға келер қамыстан.  
Жығу үшін мен оны,  
Екі сағат алысқам.  
Күлдік мәз боп біз тіпті,  
Білгіш сонда зытыпты.  
Енді өтірік айтпады,  
«Жанар майы» бітіпті.

### БАЗАРДА

Қария адам бір күні,  
Базар ішін кезіпті.  
Сатып тұрған кірпіні,  
Бір адамға кезікті.  
— Не сұрайсың? — деді шал, —  
Апарайын балама.  
— Бір жарым сом бер де ал!  
Тек ақшаңды аяма...  
Саудаласты, қысылды,  
Сұрап көрді, қиылды.  
Ақыры қарт ұсынды,  
Бір сом елу тиынды.

Ә. Дүйсенбиев



# Балалық шаққа саяхат

Повесть



(Басы өткен сандарда).

Б. Соқпақбаев.

«Қымбатты, жаннан артық көруші ағайым Сатылған, әкем Ыдырыс, тәтем Смағұл, інішегім Тұрдыбек. Қалай, бәрлеріңіз де сау-сәлемет Текестің кең даласында, таза ауасында денсаулықтың арқасында құдай деп, жұрт қатарлы социализм орнату жолында аянбай еңбектеніп жүріп жатқан боларсыздар. Ал, енді менен амандық білмек болсаңыздар, мен де денсаулықтың арқасында аман-есен оқушылық борышымды атқарып жүріп жатырмын. Нағашымның үйі түгел өздеріңіз көргендей аман-есен. Атам мен апам да аман-есен. Қағазбай нағашым да аман-есен жұмысын істеп жүр. Зәуре жеңешем де аман-есен, анда-санда жүрегім деп ауырып қалады. Мен жақсы оқып, Зәуре жеңешемнің пешпентін киіп, мектепке барып жүрмін. Жейдем әбден тозып кетті. Нағашы апам күнде жамаса, күнде жыртылады. Сымымның да құйрығы жыртылып еді, Бөпке апам бір сары шүберекпен жамап берді. Сондықтан, сіздерден өтініп сұрайтыным катынаған адамнан маған бір-екі езім сия және бір-екі қаламұш беріп жіберсеңіздер екен. Және жейдем әбден тозып кетті. Бір жейде беріп жіберсеңіздер екен. Және арифметика кітабым жоқ, қағаз-қарындаш алайын десем, ақшам жоқ. Біраз ақша беріп жіберсеңіздер екен.

Сәлем хат жазушы Бектас деп білерсіздер. 13/III—1935 жыл».

Хатым біздің ауылды басып өтіп, Нарынқолдағы почтаға барып түседі. Сол арада сортталады да, қайтадан Қостөбеге ауылдық советтің кеңсесіне, одан колхоз кеңсесіне ке-

леді. Сөйтіп тор көз дәптердің парағынан үш бұрыштап бүктелген, марка жапсырылмаған хатым талай жерді шарлап, айқыш-ұйқыш сапар шегіп, бірнеше күннен кейін Сатылған ағайымның қолына барып тиеді. Ол оны почташыдан бір сом ақшаға сатып алып оқиды. Сондағы мазмұны жоғарғыдай.

Ағайым жауапты хатпен жазбайды. Күнделікті катынап жатқан адамдардың бірінен айтып жібереді.

Сүмбеде тәпелтек, жылпос бір сары дүкенші жігіт бар еді. Бір күні әлгі жолығып:

— Ағаң менен саған жиырма бес сом ақша беріп жіберді. Жүр, дүкенге барып берейін,— деді.

Рамазан екеумізде ес қалмады. Жиырма бес сом! Мұнша мол ақша бұрынды-сонды қолымызға түсіп көрген бе? Жүрегіміз кеудемізге симай алып-ұшып, дүкеншіге ілесіп арсаландап үйге келдік.

Неге екенін білмеймін, әлгі оңбағыр жиырма бес сомды түгелдей тиыннан санап берді. Қос уысыма симайды. Қалтама салып едім, бір капталымды алып түсіп кетті. Төрт сомына табанда жарты кило кант өлшетіп алдықта, бір-бір шакпақ кантты жетісе қажалап, арсаландап үйге келдік.

— Бектастың ағасы жиырма бес сом ақша беріп жіберіпті!— деп, Рамазан табалдырықтан аттар-аттамастан жариялап үлгерді.

Бала мінезді Бөпке апам:

— Кәне, көрсетші,— деп үйіріле қалды.

— Міне,— деп қалтам толы тиынды саудыр-саудыр еткізем.

— Маған төрт-бес сомын бер. Шай алып ішейін.

Төрт-бес сом түгіл төрт-бес тиын да бергім келмейді.

— Өзіме керек. Кітап, қағаз аламын, — деймін.

Содан әлгі ақшаны жер-көкке сыйғыза алмай әуре болдым. Зілдей етіп, саудырлатып қалтамда салып жүру тіптен ыңғайсыз. Және ойын үстінде шашылып, жоғалтып алуым да мүмкін. Сандыққа салып қойыңыз деп, жеңешеме берейін десем, сеніңкіремеймін. Ұрлап алып қоя ма деп хауіптенемін.

Қанша ақшам қалғандығы жақсы мәлім болса да, отырып, қайтадан санап шықтым. Рамазан болысайын десе, бірнеше тиынымды жымқырып жіберетіндей алақтап, қолын қақпайлай берем.

Жанымыз жай таба алмай Рамазан екеуіміз дүкенге қайтадан бардық. Жол-жәнекей кездескен балаларға жиырма бес сом ақшам бар екенін, оны ағайым беріп жібергенін ісіп-кеуіп түгел жарияладым. Бұл, сөз жоқ, мақтануға тұрарлық жай. Бірнеше бала шұбап соңымыздан дүкенге ере барды.

Бәрінің ортаға алып, назар тіккені менмін. Өзімнің асқақ дәрежемді сезініп, маңызданып, бәлсіне түсем. Мен 20 түйе сатып базаршылаған мықтының дәл өзі секілдімін де, мына балалар менен «сіріңке» дәмәткен атқосшыларым тәрізді.

Міне, дүкен сөрелеріне тәштіе көз тастап тұрмын. Не алсам екен? Ана бір папка...

Жоқ, ол қымбат. Ақшам жетпейді. Барабан. Әлде осыны сатып ап, даңғырлатып ұрып жүрсем бе екен? Бәкі. Бұл да керек-ақ заттың бірі еді. Түйреуіш. Бұл да қажет. Қалтаның аузын түйреп қойсам, ойнағанда анауымынау мүліктерім шашылып, жоғалмайтын болады. «Ағай, маған мынау бәкіні беріңізші? Бағасы қанша? Ал, анауы ше? Соны беріңіз. Және анау түйреуіш. Иә, біреуін... Жоқ, екеуін... Тағы ма? Тағы анау... — Сөрелерге сасқалақтай көз тастаймын... — Бір бетмай беріңіз» (бетмай деп тұрғаным — вазелин. Бұл да қажет. Бет-қолым жарылып, азап көріп жүрмін). «Тағы... анау дөңгелек айна. Жоқ, дөңгелек емес, төрт бұрыштысын... Екеуін де көрсетіңізші!»



Алдымызға тасталған екі айнаны «атқосшыларым» бірінен-бірі қағып алып көріп, маған: «Мынасы жақсы, мынасы жақсы. Мынасын ал, жоқ, мына төрт бұрыштысын ал»—деп ақыл беріседі.

— Анау резинка бауы бар немене? Жоқ, былайырақ, иә сол.

— Бұл әйел заты,— деді сатушы. Мен түсініңкіремеймін.

— Қандай зат?

— Әйелдер киетін зат. Саған оның керегі жоқ.

— Ал, мына бір дөңгелек, жылтыраған немене?

— Шкатулка. Оған сенің ақшаң жетпейді. Бағасы жетпіс үш сом елу тиын «Шкатулка» деген сөзге мен түсінбеймін. Бірақ, бағасы аспанда тұрған соң маған лайықсыз зат екені даусыз. Осылайша көзіме жалт-жұлт іліккен нәрселердің бәрін алғым келеді. Бірнеше қалам, қарындаш, өшіргіш, сызғыш алдым. «Тағы не аласың?»— деп, жылпос сатушы ес жиғызбай қамшылайды. Ауыл бозбалаларының жаздыгүні қисық жаға көйлектің сыртынан шашақты, аксарғыш, жібек белбеу буынып жүруі сән болатын ол кезде. Ол да менің көзімнің жауын алып, талай қызыққан затым. Бір кезде көзіме сол шалына кетті. Сұрап көрсем, бағасына ақшам жетерлік. Қуанғаным соншалық, дереу аламын дедім. Тағы да бірсыпыра зат алмақшы ниетім бар еді. Шотты сарт-сұрт есептеді де:

— Енді ақшаң жетпейді, бала,— деп сатушы әрең тежеді.

Бір қалта ақшамды қопарып беріп, дүкеннен шығып келем. Оның есесіне, бұрын-соңды болмаған байлыққа кенелдім: кішкентай ақ бәкі, екі түйреуіш, бетмай, пластмасс жақтауы бар дөңгелек айна, бірнеше қаламұш, қарындаш, қаламсап, өшіргіш, сызғыш... Бәрінен бұрын ұстасаң қолға жұқпайтын жұп-жұмсақ жібек белбеуді айтсайшы.

«Атқосшыларым» әр затымды ұстап көріп, коршалап келеді.

Міне, бәрінен бұрын дереу сол арада белбеуімді буынып көрмекші болдым. Қисық жаға көйлек менде атымен жоқ, үстімдегім Зәуре жеңгемнің мақталы, ескі, сұр пешпеті. Буынып жүрген жіңішке қайыс белбеуімді шештім де, оны балаларға ұстатып қойып, ақсары жібек белбеуді буындым. Жұрттан көргенім бойынша түйінін бүйрегіме әкеліп, шашақтарын салбыратып түсіріп қойдым. Әлде менің белім жіңішке ме, әлде белбеу ұзын ба, салаңдап қалтамды соғады.

Қатып кеткен шығармын-ау деп, танауым

делдіп, өз бойыма өзім иығымнан демалып қараймын.

— Әдемі!

— Тым әдемі — деп «атқосшыларым» жел береді.

Олжаға белшемнен батып, көңілім шалқып тұрған заматта қалайша молқолданбайын. Қасымдағы балаларды да риза етіп тастағым келді. Сықпа вазелиннің аузын бұрап аштым да, әрқайсысының алақанына күзгі торғайдың саңғағындай етіп шоқытып-шоқытып салып бердім. Өзіме де сөйттім. Онан соң білекті түріңкіреп алып, көктемгі аңыздақта шыт-шыт жарылған қап-қара қолдарымыз бен бет-тұмсықтарымызды шылқылдатып сылап, майлай бастадық...

Ертесінде мектепке әлгі жібек белбеуімді буынып келіп едім. Балалар қызықтап, қоршап алды. Шашағына жармасып, ұстап көрісіп, тартып қалып: «Комиссар болып кетіпсің», «Прокурор болып кетіпсің!» — деп келемеждей бастады.

Үзіліске шыққан кезде біреулер ду-ду күліп:

— Белбеуіңнің бір шашағы қайда кеткен? — деп, жұлқылап жүр. Жамбасыма қарадым да, мәссаған, жүрегім су ете қалды! Белбеуімнің бір шашағы жым-жылас, Бульдог иттің құйрығындай шолтиыпты да қалыпты.

Әбден сабақ бітіп, мектептен тарап келе жатқанда, әнеугі мені тоңқалаң асырып жыққан сотанақ, тақырбас бала қиқулап өлген торғай секілді бірденені аспанға атып ойнай бастады. Байқап қарасам, менің белбеуімнің шашағы. Не істерімді білмей, ызадан кептелдім де қалдым. Ол қу артымда отырушы еді. Білдірмей партанын астынан қолын жүгіртіп кесіп алған екен ғой.

Балалар ду-ду күліп, одан бетер мазақтайды.

Тұра ұмтылдым тақырбасқа. Жеткізбейді. Шашақты аспанға жүре лақтырып, бермес-тен үйіне алып кетіп қалды.

Қыруар ақша төленген қайран жібек белбеуім бір күн буынбай жатып, осылайша істен шықты.

\* \* \*

Сембай атам таңертең бәрімізден бұрын түрегеледі. Малдың астын тазалап, үйдің төңірегін сыпырып, дереу тіршілік күйбеңіне кіріседі. Сөйте жүріп: «Бөпке, тұр! Әй, Бөпке тұр, деймін! Ана сиырды сау. Жыл келгендей тырайып, мынаған не көрінген!»— деп, әлсін-әлсін дауыстап, кемпіріне маза бермейді. Атам тілі ащы адам. Әйелді кемсітіп қарайтын қаталдығы да бар. Апам тез тұра қоймаса, бір уақытта қолындағы сы-

пырғысын сырт босағаға сүйей салып, үйге кіріп келеді де:

— Әй, мына қара басқырды қара басып жатыр ма! Түрегел! — деп, зекіп, тілдеп те жібереді.

Атамның о жар даусынан бәріміз оянып кетеміз.

Жарты ғасыр бойына жұбымен өмір кешіп, жастық-егделік дәуірлерді бастан бірге өткерісіп, жаны-тәні бүтіндей етене болған шалының ақырған-бақырғаны, жұмсақ айтқаны мен қатты айтқаны Бөпке апам бәрібір. Тек оның қақылдаған даусынан безініп:

— Таң атпастан, қақылдап, мына қақпастан тарттым-ау! Үнің өшкір! — деп, сұйылыққыраған бурыл шашы ұйпа-тұйпа болған басын көтеріп, жастығының астына салып қойған қыртыс-тыртыс көйлегін алып, киіп жатады.

Ертенгі шайға бәріміз бір қора болып, жозыны айнала келіп отырамыз. (Аласа дөңгелек столды жергілікті халық осылай деп атайды). Үлкен сары самауырынның бір жағынан Зәуре жеңешем, бір жағынан Бөпке апам орын алады. Одан төрге қарай Зәуремен тізерлес Қағазбай, Бөпкемен қанаттас Сембай атам отырады. Ортадағы кетікте ашқарақ балапандай тізіліп, қылқылдап біз отырамыз. Қалай болса, солай отырыса қалмаймыз. Біздің де әрқайсымыздың машықтанған өз орындарымыз бар. Атамның қасында Қасымқан, одан бері Рамазан, Рамазаннан бері мен, менен кейін Оралқан, Оразқан. Осымен радиусы бір метрдей қына түсті тақтай жозы сілекейін жұтынған тоғыз ауыздың темір қоршауына алынды деп есептей беріңіз.

Зәуре жеңешем төрдегі кебеженің аузын кілтпен ептеп ашады да, дастарқанға тандырдың үш-төрт дөңгелек тоқашын әкеп салады. Қак ортаға ағаш табақпен жартылап талқан қояды. Сонан соң шай құя бастайды.

Дастарқан командирі — атам. Оның ырқынсыз сұғыну деген болмайды. Атам қалтасынан қылпыған үлкен бәкісін алады да, нанды бипаздап отырып, жұп-жұқа етіп, көпсітіп турайды. Біз тамсанып, тесіліп отырамыз. Әлгіндегі үш тоқаш енді молайып, береке дарып, дастарқанға симай кетеді. Атамның бұлай турауында психологиялық үлкен есеп бар. Біріншіден, сырт көзге дастарқан ақ нанды малшып жеп отырғандай дарқанды көрініп жатса, екіншіден, ұп-ұзын секілденгенмен ауызға салсаң бір-ақ күйсеуге келетін жапырақ нанды шөпшендеп

ала беріп, біз өзімізге өзіміз көп жеген тәрізденіп қаламыз.

Атам нанды түгел турап болған соң талқан тұрған табақтың төңірегіне әрқайсымызға лайықтап, сырғытып, шашып тастайды. Өзі бір жапырағын алып, аузына апарады. Бұл атақаға команда берілуі! Тісімізді қайрап, сақадай сайланып отырған «жауынгерлер» лап етіп, бірден қол қоямыз.

Өрт тигендей жапырылып, әуелі дастарқанның балалар отырған жағы жылан жалағандай болады. Бізден үркіп барып паналағандай біраз жапырақ нан табақтың үлкендер жақ тасасында ғана қалады. Қәнігі қолымызды сумандатып, біз оны да тықсыра түсеміз. Сол кезде атам:

— Жә, болды! Талқан жеңдер! — деп, бұйрық береді.

Кейде дастарқанда талқан болмайды. Ондайда біздің жалақтап, тоймай қалған түрімізді көріп, Қағазбай ағайым әйеліне:

— Наның бар ма, әкел. Мына балалар тоймай қалды, — дейді.

— Бүгін нан пісірмеймін. Азғантай нан тұр. Түсте, кеште нелерін жейді, — дейді Зәуре.

— Әкел. Тойып барсын сабаққа. Кешке көжелерін ішер.

Осындай жомарт бейілі үшін Қағазбайды біз жанымыздай жақсы көреміз.

Қазақ, әсте, мықты деген тамағын кешке ішеді. Сол әдет нағашым үйінде де бар. Кеште мұнда, негізінен, дәу қазан кеспе пісіріледі.

Бөпке апамның пісірген кеспелерін мен ешуақытта да ұмытпаймын. Ондай кеспені сіз дүние жүзінің атакты ресторандарының бірінен де таба алмайсыз. Бөпке апам апыл-ғұпыл тез кимылдап, нобайлап істейді, дәмдеп әуреленіп жатпайды. Ұнды кейде ерініп, елемей-ақ қояды. Кебек шыкса, азайып қалады дейтін қағидасы және бар. Кескен камырының жуандығы саусақтай болады. Піскенде одан да зорайып кетеді. Сояудай-сояудай болып, кебектері көрініп жүреді. Кеспені қазанға себелеп, талдап салмай, ұмар-жұмар тастай салғандықтан камырлар түйін-түйін шиеленісіп, байланысып қалады да, шайнағанда, тіске жабысады...

Кеспеге картоп салынады.

Апам молқол адам. Торғайдай-торғайдай етіп, ортасынан бір-бір бөліп турайды да, жарты шелек картопты қазанға бір-ақ салады. Егер біз көз болып отырмасак, жәй жуа салып, аршымай да салып жіберуге бар. Қөже маңызды болады деп, сыпыра жарғақтың түбінде камыр жайғаннан қалған ұнды кеспеге қоса себеді. Осыдан кейін

қандай тағам болып шығатынына қараңыз да тұрыңыз. Қайнай бастағаннан кейін шөміш айналмай қалады. Ботқа дерлік ботқа емес, кеспе дерлік кеспе емес, бірақ әйтеуір бүйір шығару жағына келгенде, басқа тағамның қай-қайсысын болса да асып тұратын. Қасығыңызды қадасаныз, тапжылмай «смирно» тұратын керемет тамақ пайда болады. Оны алам үлкен қара шелекке қотарады да, төр үйге әкеліп, әркімнің тиесі ыдысына, мейлі ол табақ болсын, мейлі шара болсын сиғанынша зінгілдетіп, ернеуінен асырып құйып береді. Осылайша күнде жатар алдында қарнымыз шеңбірек атып, енді тамақ ішпестей нықсырап бір тоюшы едік.

Бұл үйдің кәрілері әңгімеші, ертегіші жандар емес еді. Шалдар өздері бас қосқанда ғана өткен күннің хикаяларын желпіне шертісетін. Мен сырттай қызығатындап құлақ түрем. Айта түссе екен, айта түссе екен деп, ынтызар болам. Әйтпесе, атам, апам немесе Қағазбай ағайым бізбен әдейі шүйіркелесіп, есте қаларлықтай әңгіме, ертегілер айтқаны есімде жоқ.

Электр дегенін ол кезде түске де кірмейді. Бөтелкеге жермай құйып жағамыз. Бұл да оңай табыла қоймайды. «Қараңғы үйде қалдық. Бір қасық, жарым қасық керосиннің бар ма» деп, біреуден біреу тіленшіленіп жүргені.

Кейде бөтелкедегі жермай саркылып, білте жетпеуге айналғанда, үстінен су құяды. Физика заңы бойынша май қалқып, бетіне шығатыны белгілі. Ас ішіп отырғанда, атам келі түбіне қойылған бөтелке шамға әлсін-әлсін қарап, пышақ қырындай жермайдың бірте-бірте қалай жұкарып бара жатқанын шамалайды да, дастарқан жиылысымен:

— Қәне, төсек салындар. Бол! Кірәсін таусылып барады,— деп, тықыр салады.

Осы себептен де кешқұрым кітап, газет оқу немесе үй іші болып сұқбаттасып, әңгімелесіп отыру деген біздің салтымызда болмайды.

(Соңы бар).



# ҚОЛ САҒАТТЫҢ СЫРЫ

Очерк

Әңгіме кішкентай қол сағаттан шығып кетті. Ол былай болды:

Мен Қызылорда қаласының Жамбыл көшесінде тұратын, № 3 орта мектептің оныншы класында оқитын, 16 жасар Ыбраев Асылбектің өзін де, оның ата-анасын да бұрыннан танытынмын. Жақында сол қалада болғанымда олардың үйіне соғып едім, үйде мамасы мен Асылбектің өзі ғана бар екен.

Мамасы орта жасқа келіп қалған, орта бойлы, ашаң сары әйел еді. Ал Асылбек болса, реңі әкесіне тартқан, қағлез бала. Мен кіргенде мамасы үй ішін жиыстырып жүрді. Асылбек терезеге таяу столда кітап оқып отырды.

Амандық білісіп, сұрасып, аз-кем шүйір-келескеннен кейін мен Асылбекпен әңгімелесіп, сабақты қалай үлгіріп жүргенін, мектеп жайын сұрай бастадым. Ол сараң жауап беріп, селқос сөйлеп отырды. Бір кезде мамасы әңгімеге араласып, біртүрлі мақтанышпен күлімдей тіл қатты.

— Ағасы, ініңнің қол сағатының сырын сұра.

Ертеден бері аңғармалпын, Асылбектің жіп-жіңішке сол білегінен кішкентай дөңгелек қол сағатты көзім шалды. «Победа» сағаты! Терезеден құйылған күн сәулесіне шағылысып жарқ-жұрқ етеді.

— Қандай сыр? — деп елең еттім.

Асылбек айтқысы келмеді ме, болмаса әлде неден қысылды ма, әйтеуір бір сәт тартыншақтап отырды. Сонан соң ұршықтан жіп таратқандай әсте-әсте созбақтап қол сағат тарихын айтып берді. Мен оның сөзін бөлмей, әңгімені ақырына дейін үнсіз тыңдадым.

«Ағай, мен баламын ғой әлі, — деп бастады ол әңгімесін. — Кермегенім, аңғармағаным көп қой менің. Тіпті, мына аяғыма киіп жүрген ботинканың қайдан шығып, қайдан қоятынын да бұрын білмейтінмін. Қаз тұрып, тәй-тәй басқан шағымнан бері аяқкиімсіз жүрген кезім жоқ қой, сірә. Әйтеуір, папам мен мамам магазиннен әкеледі де береді. Бірі тозса, екіншісі дайын. Бірақ, осы ботинка қайдан келіп жатыр, кім жа-

сап жатыр, неден жасалып жатыр? Бұ жағына мен бұрын-соңды ой жіберіп көрген бала емес едім.



Асылбек Ыбраев.

Ал бірде экскурсияға барғанымда бұрын аңғармай келген жұмбақ сырды білгендей болдым. Ұмытпасам, 1956 жылдың қысы еді. Сегізінші класта оқитынмын. Бірде бізді математика пәнінен сабақ беретін Юрий ағай аяқкиім фабрикасына экскурсияға алып барды.

Нені болса да бұрын көріп, бұрын білгім келеді. Кластас достарыммен таласа-тармаса фабрика ауласына кірдім. Алда жол бастап келе жатқан цех меңгерушісі жас жігіттен де озып кеттім.

Екі жаққа жарыла ашылатын есіктен бір үйге тоғытыла кірдік.

— Бұл — пішу цехы, — деді әлгі жас жігіт.

Шағын бөлме. Он шақты адам жұмыс істеп жатыр. Туырлықтай-туырлықтай былға-

рыны станокпен кесіп тұр. Күздігүні теректердің жапырағы төгіледі ғой. Нақ сол сияқты жапырақ-жапырақ былғарыны бір адам бөлек-бөлек жинап қойып жатыр.

Тігін цехы дегені мұнан да қызық екен. Зәулім үй іші азан-қазан. Машина зырылы, балға тарсылы құлақ тұндырғандай. Бұл үйде адам да көп. Бөлмеге ұзыннан түп-түзу етіп, үш қатар тартқан конвейер бар екен. Оның екі жағында адамдар қаз-қатар тұрып жұмыс істеуде. Бір кісі әлгі пішілген былғарының шетін машинамен тігеді де, конвейердің қалақшасына тастай салады. Жалғас тұрған адам оған астар салып тігеді де, баяу жылжып тұрған конвейермен әрі қарай жөнелтеді. Не керек, әлгі былғары бір қолдан бір қолға өте береді, өте береді. Әлгі үш конвейердің аяғына барғанда ботинкалар киюге дайын боп шыға келеді.

Шынымды айтайын, бұрын мен бір ботинканы жүз шақты адам тігетінін білмеуші едім. Қайран қалдым мүлде.

Осы жолы өзімнен екі жас үлкен Болат дейтін баламен таныстым. Фрейзер дейтін станокта істейді. Конвейерді жағалап келе жатсам бір талдырмаш, қара торы бала ешкімге бас бұрмастан ботинканың ұлтанын жоңғыштап жатыр. Менен сәл-ақ ірі, жап-жас. Станоктан бойы да аспайды. Менің өзіне тесіле қарап қалғанымды сезді білем, ол:

— Бері кел, қызығып тұрсың ба? — деді.

Мен жақын бардым. Өзі ашық, жайдары бала екен. Бірден танысып кеттік. Атын айтты. Мен де аты-жөнімді айттым.

Экскурсиядан кейін де мен аяқкиім фабрикасына тағы бір соқсам деп жүрдім. Цех іші қызық сықылды. Қайтадан бір еркін аралап, құмарым қанғанша көргім келді де тұрды. Болатқа барсам аралатады ғой деп ойлаймын. Бұл ойымды кластас досым Рафиққа айтып едім. Ол қуана құптап:

— Барайық, әйдә,— деді.

Екеуіміз бір күні мектептен қайтарда фабрикаға соқтық. Фабрика ауласына кіре берісте күзетші бар болатын. Көзі алаңдаған, жирен мұртты, сары кісі. Өзі барынша қатал екен.

— Неге келдіңдер? — деді бірден қабағын түйіп.

— Ішке кіргізсеңіз, аға,— дедім мен.

— Не шаруаларың бар?

— Жәй, фабриканы көрейік деп едік.

— Фабриканы?! — деп күлді күзетші,— пропускаларың бар ма?

— Қандай пропуска?!

— Жоқ болса, тайып тұрыңдар! Еріккен екенсіңдер! — деп жекірді ол бізге.

— Ең болмаса Болатты шақырып беріңізші,— деп жалындым мен.

— Болатың кім?

— Жұмысшы.

— Жұмыс сағатында шақыруға рұқсат жоқ,— деп есікті тарс жауып алды күзетші. Басымыз салбырап үйге қайттық.

— Енді қайттік? — дедім дағдарып.

— Біз Юрий ағайға барайық,— деді Рафиқ.

Рафиқтың ойы ұнап кетті. Ертеңіне ағайға фабрикаға тағы да барғымыз келетінін айтып едік.

— Қызығып жүрсеңдер, фабрикаға енді апта сайын барып тұрамыз. Сендер аяқкиім тігуге үйренесіңдер, практикадан өтесіңдер,— деді.

Қуанышымыз қойынға симай, класқа жүгіріп келдік. Жаңа хабарды балаларға лезде таратып жібердік.

Январьдың 14 күні фабрикаға келдік. Мен келген бойда Болатқа жолықтым.

— Кел, екеуіміз бір станокта істейік,— деді ол.

— Істейік...

Сөйтіп, біз фабрикада аптасына бір рет алты сағаттан жұмыс істейтін болдық. Мен ең алғаш фрейзер станогінде істедім. Кейін үлгіні қалыпқа тартуды, шеге қағуды, сірі салуды үйрендім. Тоғызыншы класта оқығанда да фабрикадан қол үзгеніміз жоқ. Ал, өткен жазда, демалысқа шыққанда 15 күн практикада жүрдік.

Практика бітетін күні өзіммен бірге оқитын Цой Роза деген қыз:

— Балалар, біз жазғы демалыс кезінде осында қалып жұмыс істесек қайтеді? — деді.

Бәріміз құлақ түрдік. Розаның ұсынысы көңілге қонды.

— Қалайық,— дедік.

Барлығымыз топырлап фабриканың бас инженері Власоваға келдік. Ол кісі:

— Талаптарың жақсы екен. Директормен сөйлесейін,— деді. Власова директормен сөйлескенше әбден абыржыдық. Сене ме, сенбей ме? Баласыңдар десе, не істейміз? Ақырында, қуанышты хабар жетті-ау. Бізден он үш баланы оқу басталғанға дейін жұмысқа уақытша қабылдапты.

Күніне алты сағаттан жұмыс істейміз. Фабрикада қалған балалар өзара құпия уәделесіп алдық. «Өзіміз сұранып қалдық, енді намысты қолдан бермейік» дедік. Солай болды да. Бар күшімізді, бар өнерімізді салып қимылдадық.

Уақыт өтіп жатты. Бір жарым ай зымырап өте шықты. Бір күні Цой Роза келіп:

— Асылбек, айлық алыңдар деп жатыр. Кассаға бар,— деді.

«Айлық! Ақша ма? Не үшін?» Бұрын жұмыс істегеніміз үшін ақша алады екенбіз деген есіме де келмеді.

— Шын айтасың ба? — дедім сеніңкіремей.

— Шын,— деп күлді ол.

Кассадан алты жүз сом ақша алдым. Санап берген жас қыз жымып:

— Бұл — еңбекақың, қысылма, санап ал,— деді.

Мен санамастан қалтама тыға салдым. Өмірімде қалтама мұндай мол ақша салып көрмеген едім. Мұны не істеймін? Мамама апарып берейін, қуантайын деп ойлады. Жұмыстан шығысымен жүгіріп келдім де қобыраған жиырма бес сомдықтарды маманың қолына ұстата салдым.

— Бұл не, құлыным-ау? — деді ол таңданып.

— Айлығым...

— Сенің бе?! — деп мамам менің маңдайымнан сүйіп-сүйіп алды.

Ертеңіне мамам мен папам маған осы қол сағатты алып кеп беріп:

— Алғашқы айлығыңа алынған ескерткіш болсын,— деді деп тамам етті әңгімесін Асылбек.

— Жақсы ескерткіш екен! Өміріңнің сағаттарын мазмұнды өткіз деген ишараты шығар ата-ананың,— дедім мен балаға берген сыйлыққа риза болғанымды жасырмай.

Асылбектің бірге оқитын достарын да көруге асықтым. Әрі білім алып, әрі еңбекте шындалып өсіп келе жатқан тамаша балалар өте берді көз алдымнан.

Н. Сырұлы.

## САҒИДЫҢ ҚУЛЫҒЫ

Сағидың үйі Сарықұм жайлауына жаңа көшіп келген еді. Жаңа қоныста қойдың кешке қарай өріп тыныш таптырмайтынын сезген Сағи күн бата әкесінің күпісіне оранып, «ұйықтап» қалған болатын. Бір кезде үй ішіндегі аяқ-табақ сылдырлап кешкі астың дайын болғанын хабарлады.

«Қой, баланы оятпа, ұйықтай берсін, ас алып қоярмыз»,— деген шешесінің даусына Сағи елең ете қалды. Бірақ, мен ояумын деудің ретін таппай, көзін жұмып үнсіз жата берді. Үйдегілер тамақтарын іше бастады. Ешкім өзін оятпайтынына көзі жеткен Сағи, орнынан атып тұрып, далаға айтақтап жүгіре жөнелді. Бір сәттен кейін көзін уқалап үйге қайта кірген Сағидың бетіне қарап әкесі мырс етіп күлді де:

— Балам, қасқырға ит қосып, малды арашалап қалдың ғой. Кел, қолыңды жуып асқа отыр,— деді. Сағидың бұл қулығын әкесінен басқа үйдегілердің ешқайсысы да сезген жоқ.

У. Нұрқасымов.





### Әңгіме

Біздің үйге ертеңгі шай уақытында келе қалсаң, әжемнің түнде көріп шыққан түсін естисің. «Көрген түсім кәте кетпейді. Анада, Иманғали көп ұзамай бір перзент көреді, Қайынжамал аздаған ренішке ұшырайды, Дүйсенбайдың Қаратайы ауруынан жазылып қайтады дегенім қайда, бәрі қолмен қойғандай дәл келген жоқ па?!» — деп, үй ішіне растатып қояды. Бірақ, шынын айтқанда, әжемнің көрген түсінің келгенінен келмегені көп. Сонда да, оған қарап жатқан әжем жоқ. Көйлегінің салқылдаған жеңін шынтағына түріп қойып, күнде бір жаңа түсті кәдімгі ертегідей, нәшіне келтіре айтып береді. Жақсылық туралы көрсе жадырап, көңілденіп, жағдайсыз бір нәрсе көрсе, қабағын шытып, қамығып отырып айтады. Және бөтен адамның көрген түсін де жорығыш-ақ. «Түс — көрушіге емес, жорышыға қарайды» — деп, ренішті түстердің өзін жақсылыққа жориды. Егер көрген түсің өте жаман болып, жақсылыққа қарай икемдеуге келмесе; «Е, түс түлкінің қиы деген емес пе, әшейін мына күннің амалына көрінген ғой» — деп елеусіз қалдыра салады.

Бертін келе біздің семьяның ішінен әжемнің қатарына мен қосылдым. Таңертең көрген түсін әжем айтып болысымен-ақ, кезек маған тиеді. Алғашқы кезде шымшытырық уақиғалардың басын қосып айтып бере алмай, мәнін кетіріп пышыратып

жүрдім. Келе-келе әжемнің айтатынын айтпай дәл келтіріп, шеберленіп алдым. Бірақ, менің түсім әсте келмейді. Сондықтан да, «Шіркін-ай, көрген түсім айна-қатесіз дәл келіп, үй ішін бір таң қалдырсам-ау!» — деп тісімді қайрап жүретін ем, бір күні сәті түсе кетті.

Түс кезінде балалармен доп ойнап болып, үйге қарай келе жатыр едім, иығына сумка асынған почтальон қыз жолығып, тоқтатып алды да:

— Сен он алтыншы үйде тұрасың ба? — деді.

— Иә.

— Онда мына телеграмманы ала қойшы, — деп, төрт бүктеп желімдеген қағазды ұсынды. Тілдей бір көк қағазға қолымды қойдым да, телеграмманы алып үйге беттедім.

Почтальон қыз кете бергенде-ақ дәтім шыдамай, телеграмманы ашып оқыдым. Онда былай депті: «Оқу аяқталды Жиырма бесінде екеу болып үйге барамыз қамдана беріңдер Әйтім».

Қуанышым қойныма симай айғайлап жүгірдім. Қуанбасқа ше?! Әйтім — Алматыда жоғарғы оқу орнында оқып жатқан ағай. Биыл соңғы жылы болатын. Енді, міне, оқуын аяқтап, инженер болып елге келмекші.


Тұра жүгіріп үйдің түбіне жете беріп, кілт тоқтай қалдым. Әпсәтте басыма бір тамаша ой келді: «Ағамның биыл оқу бітіретінін, оның елге келетінін үй іші телеграммасыз-ақ біледі. Ал қасындағы келе жатқан өзімен оқыған бір жолдасы шығар. Онда не тұр, келе берсін. Ол да жаңалық емес. Ағамның ешбір хабарсыз үйге бір-ақ келгені де қызық қой. Одан да телеграммада жазғанды мен түсімде көрдім деп айтып, үйді бір таң қалдырайын».

Осы оймен телеграмманы қалтама бүктеп салып алдым да, түк көрмегендей болып үйге ендім. Сол күні күні бойы, түні бойы төсекте жатып, ұйқыға кеткенше түстің қисынын келтіріп айтуға жаттықтым. Ертемен шай ішуге отырысымен-ақ:

— Әй, әже, әже! — дедім қуанғансып. — Мен бүгін түсімде ағамды көрдім.

— Ә, не дейді. Ой, айналайын, құлыным, не істеп жүр екен, көптен бері түске бір енбей-ақ қойып еді. Айтшы, айтшы, ботақаным, аман ба екен? — деп, мен Алматыдағы ағама барып келгендей-ақ, әжем үсті-үстіне сұрай бастады.

Шай қалды ішусіз. Мен әжем айтатын «Көзің жамандық көрмесін», «Аллаң кімге тисін», «астапыралла» деген сөздерді қи-



сынды, қисынсыз жерінде де кірістіріп қойып, «көрген» түсімді айта бастадым.

— Мен аспанмен тілдескен биік құздың үстінде тұр екем деймін. Жер жүзі, айдай әлем жап-жарық. Ен дала бұрын-соңды болып көрмеген бір керемет нұрға бөленген. Сөйтсем,— дедім таңырқап көзімді бажырайтып,— о ғажап, аспанда тұрған күн бар ғой, әже, біреу емес, екеу. Шығыстан да, батыстан да шығып тұр.

— Oh, оңды екен түсің. Екі жағыңнан екі күн шығу деген ол...— деді әжем, емірене түсіп.— Иә, сонан соң.

— Алдымда да үлкен дария жатыр екен. Аллаң кімге тисін, көрер көзге ұшы-қиыры жоқ мөп-мөлдір су. Көкпеңбек болып жайылып жатыр. Сол дарияның тап ортасында аппақ қайық жүзіп... Астапыралла, қайық емес, машина екен деймін, жүзіп келеді. Үстінде бір адам түрегеп тұр. Ол ағай екен деймін. Тісі ақсиып күледі.

— Дарияның, үстінде жүзіп келеді деймісің. Түсте су көру деген жақсылықтың нышаны,— деп әжем шыдай алмай қосылып кетіп отыр.

Енді тым әдемілеп жібермейін деп, әжемді аздап үйрейлендіріп қоюдың амалына көштім.

— Бір кезде, әлгі екі күн де көзді ашып-жұмғанша жым-жылас ғайып болып кетті де, батыс жақтан бір қап-қара бұлт шығып, қатты жел тұрды. Көзің жамандық көрмесін, толқын тулап, дарияның беті алай-түлей болды. Абайлап қарасам, ағамның астындағы машинасы жоқ, өзі малтып келеді. Аллаң кімге тисін, таудай-таудай толқындар ағамды көтеріп алып соғады-ай кеп...

— Е, ол көңілі — толқын құсап жүрген. Ықзамын тапсыру да оңай тиді деймісің.

Анау малтып жүргені сол ғой,— деп әжем мұны жақсылыққа бейімдей жорыды.

— Содан кейін,— дедім, енді бұдан әрі үрейлендірмеудің қарасын көздеп,— әлгіндей болмай жел тына қалды да, бағанағы қос күн қайтадан шыға келді. Ал әлгі дария құрғақ жер болып кетті.

Енді ағамның екеу болып келеміз дегені есіме түсіп, оны да кірістіріп жібердім.

— Жаңағы жердің үстімен екі адам жүріп келеді. Екеуінің де жүзіне көзім түсіп кетіп еді, астапыралла, таң-тамаша болып көзімді ала алмай тесілдім де қалдым. Екеуі де ағам. Иә, екеуі де кәдімгі ағам. Бар айырмашылығы киімдері екі түрлі. Біреуінің киімі су жаңа. Бірақ, бір ғажабы бар ғой, әже, қанша жүргенмен, екеуі де маған жақындай алмайды.

— Ол — әлі де алыста жүргені, балам. Үйге жол түспей тұр ғой,— деп қойды әжем.

— Мен кәдімгі өңімдегідей айғай салам: тез кел, тез деймін. Сонда олар да жауап береді. Осы айдың 25-де барамыз, 25-де. Әжеме жаулық іздеп жүрміз, жаулық дейді (әжем базарлық дегенді өте ұнататын. Сондықтан, бұл сөзді көңілденіп отырсын деп әдейі қосып қойдым).

— Ой, құлыным, сол. Маған жаулық іздеп несіне әуре болады. Өзі аман келсінші. Жаулық та, көйлек те бола жатар,— деп әжем ағамды сағынғанынан көзіне жас іркіп алды.

— Тағы да бірдеңе деп жатыр еді, ести алмадым, оянып кеттім,— деп, осыдан кейін түсімді аяқтадым. Жалтақ-жұлтақ үйдегілерге қарап едім, ешқайсының жүзінен сенімсіздік байқалмайды. Бәрі де зер салып тыңдап отыр. Әсіресе, кішкентай қарындасымның аузы ашылып қалған. Менен көзін айырмайды.

Әжем кеседегі шайын бір ұрттап қойып, менің түсімді жорыды.

— Балам-ай, түсің қандай жақсы еді. Анау биікте тұрғаның — оқуыңды жақсы оқып, мерейің үстем болып, өз тең-құрбыңның алды болады екенсің. Ал, Әйтімжанның толқын үстінде жүргені — оның елге қайтамын деп алып-ұшқан жүрегіне, алабұртқан көңіліне көрінген ғой. Одан кейін, ағаңның түсіңе екеу болып көрінгені — бірі өзі де, екіншісі ана су жаңа киім кигені, қаладан алып қайтатын білімі, балам. 25-де келем дегені — айдың аяғына қарай барып қалармын дегені болар. Түсің оңды,— деп алақанын жайып бата қылды.— Енді басқа ешкімге жорытпа.

Осыдан кейін арада бірнеше күн өтті. Менің түсім туралы қайтып әңгіме болған жоқ. Ұмытылып кетті.

...Бір күні төргі бөлмеде жападан-жалғыз кітап оқып отыр ем, гүр етіп терезенің алдына бір машина тоқтай қалды. Жүгіріп әйнекке келіп, қарай бергенімде жүрегім лүпілдеп кетті. Үлкен жүк машинасынан Әйтім ағам түсіп жатыр. «Алақайлап» тысқа ата жөнелдім. Шыққан бойда құшағымды жая ұмтылып, ағамның аяғына оралдым. Ағам да құшақтап жатыр.

Әлден уақыттан кейін аңғардым. Ағамның қасында бір әдемі тәтей тұр. Жүзі жылы. Әйтім ағам:

— Дәулет — осы, — деп мені көрсетіп еді, әлгі тәтей қасыма келіп, ып-ыстық ернімен маңдайымнан сүйді. Бетім ду етіп, ыңғайсызданып қалдым.

Ағам жүгіріп үйге ене бергенде, соңынан еріп:

— Аға, анау тәтей кім? — деп сұрап едім, жымыып күлді де, құлағымға сыбырлады:

— Ол сенің жеңгең болады...

Үйге кірісімен арсалаңдап келген ағамның қуанышты көңілі су сепкендей басылды. Бөлме ішінде тірі пенде жоқ. Үй іші

ыбырсып жатыр. Төрте көрпе-жастықтар шашылған. Стол үстіндегі ыдыс-аяқ жиылмаған. Көңілсіз.

Ағамның жүзі жабырқау тартып, ренішті түрмен:

— Бұл үйдің жандары қайда көшіп кеткен?! — деді.

— Білмеймін. Әжем көршілердің үйіне кеткен шығар, шақырып келейін, — деп тысқа ұмтыла беріп едім, ағам:

— Дәулет, мен салған телеграмманы алмап па едіңдер? — дегені бар емес пе. Табалдырықтан аттай берген бойымда жылжи алмай, сілейдім де қалдым. Ләм деп жауап қата алмадым. Не демекпін.

Көзімнің қиығымен әйнектен далаға қарап ем, әлгі тәтем де екі үлкен чемоданның ортасында мен сияқты төмен қарап, үнсіз тұр екен.

Телеграммадағы ағамның «екеу болып келеміз, қамдана беріңдер» дегенін жаңа ғана түсіндім.

Қап, тым құрмаса, түнеугүні үй ішіне: «Түсімде Әйтім ағам бір тәтейді ала келіпті», — десемші.

Сәкен Жүнісов.

## ЖОЛДАСТЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Отан соғысының қызу жүріп жатқан кезі. Майдан госпиталында бірнеше жаралы жауынгер жатқан болатынбыз. Жаралы жолдастың сондағы бір әңгімесі әлі есімнен кетпеді. Москвадағы медицина институтында оқитын студенттер бізге әр апта сайын келіп тұрды. Хал-жағдайымызды сұрастырды. Әлі есімде, бір студент маған:

— Ағай, қандай ерлік істедіңіз?, — деп сұрады. Мен ешнәрсе айта алмадым. Менің оң жағымдағы Рамиз деген жігіт жұлып алғандай:

— Менің ерлігімді неге сұрамайсыңдар?, — деді күлімдеп. Студенттердің көбі сол жігіттің жанына келіп отырысты. Әлгі жігіт әңгімесін бастады.

— Алғы шепке қарай жылжып келеміз.

Бір топ гитлершілдер бізді көріп кейін қарай серпіліп қаша жөнелді. Мен айқайлап бір фрицтің жағасынан ала түстім. Ыза болып кетсем керек, бізге ажал сғын шашатын мылтықты ұстаған қолың осы ма деп қолын жұлып алдым. Жеріміздегі гүлдерімізді таптағысы келген аяғың осы ма деп аяғын жұлып алдым...

Осы сәтте әңгіменің қызығына беріліп кеткен бұйра шашты сары қыз:

— Ал, басын ше? — деп қалды. Жігіт сәл күлімдеп:

— Ай, қарындасым-ай, ол фрицтің басы жоқ болатын, — деді. Бәріміз аңырып қалдық. Жаудың басы жоқ болатын деген сөздің мәні мені әлі күнге дейін ойландырады.

Т. Ғалиев.

# Әнші Әулеті

Очерк

Концерт аяқталды. Манадан бері радиоқабылдағыштың алдында үнсіз отырған балалар орындарынан тұрып, бөлме ішінде енді ғана жүре бастады. Бұл концертті он алты жасар Дариға да, он төрт жасар Ақан да, он жасар Біржан да, тіпті осы үйдің ең кенжесі — алты жасар Естай да беріліп тыңдады. Әншейінде айғай салып, дабырлап кететін кішкентай Естай, домбырасын екі аяғының ортасына қойды да, еш алаңсыз әнмен бірге болды. Ән радиодан берілсе, әнші бұлардың ортасында отыр. Манадан бері әкесінің тізесін шынтақтап отырған Ақаны концерт біткен соң:

— Әке-ау, ән тыңдағанда адамның бойы балқып кететіні несі? — деп сұрады. Оның бұл сөзін Дариға ұнатпай:

— Ән әсерлі болса ғана солай, Ақан. Әлі күнге оны түсінбейді екенсің ғой өзің, — деді.

Бұлар ән туралы, әннің мағынасы туралы, әнді орындау сазы туралы үйде отырғанда ұзақ таласады. Мұндай талас үстінде бірі ұтса, бірі ұтылады да. Кейде бірінің айтқаны бұрыс шықса, дұрыс айтқаны, оны түзетіп қояды. Олар стол басын қоршай қалды да, тағы да «айтысқа» түсті. Дәл сол сағатта радиодан бір ән берілгені бар емес пе! Қай ән екені жарияланбады. Себебі: жұмбақ-концерт.

— Бұл қай ән? — деді Дариға, інілеріне қарап.

— Бұл — «Сулико» — деді үшеуі бірден қабаттаса.

— Қай халықтың әні?

— Грузин халқының әні.

— Дұрыс. Жарайсыңдар, ол не турасындағы ән.

Інілер мүдірісіп қалды.

Осы кезде Дариға пианино алдына отырды да, сүйкімді ғана даусымен «Суликоны» сызылта бастады. Әннің бір шумағы біткеннен кейін ол орнынан тұрды да, сөйлеп кетті.

— Қандай ән! Оны естіп отырғанда қалың орман ортасында, хош иісті гүлдер ішінде жүргендей боласың. Тәтті әуен адамды алақанға салып әлдилеген сияқты. Мұнда қуаныш та, мұң да, ерлік те бар. Бір минуттық әнде міне қанша сыр жатыр. «Тоқталма, айта берші!» — дегендей Ақан. Біржан, Ес-

тайлар әсерлене сөйлеген Дариғадан көз алмастан аңырып қалған.

— Мынау қай ән? — деді Дариға радиодан екінші орындалған әнді.

— «Айттым сәлем, Қаламқас» қой ол, — деді Ақан. Деді де ол скрипкасын қолына алып, басқа ештемеге қарамай, Абай әнін сызылта жөнелді. Оның елгезек кішкентай саусақтарының әрқайсысы скрипка шектерінің үстінде «айттым сәлем...» деп тұрғандай.

Ермек үшін басталған бұл күнгі жұмбақ концерт бара-бара ұлғайып, музыка мектебіне айналғандай. Радиоқабылдағыш сол мектептің мұғаліміндей көрінеді.

— Бұл қай ән?


— Бұл қай фильмнен? — деген сұрақ та таусылмады.

Үшінші ән естілгенде Біржан «бұл қай ән?» деген сұрақты күткен де жоқ. Бұл — Біржанның жеті жасында, ең бірінші, үйренген «Партия қайда болса, жеңіс сонда» әні болатын.

Балалар арасында осындай әңгіме қызып, дес бермей бара жатқан мезетте оған не шешесі, не әкесі араласады. Ән әуенін ұққыш, ән сырын жақсы түсінетін Хабиба жеңгей де мұндайда осынау қолынан домбырасын тастамайтын бүлдірішін Естайдан бастап ер жетіп қалған балаларына дейін қызыға қарайтын. Қызы Дариға пианиноны, Ақан скрипка мен домбыраны, Біржан ән салуды осы ананың көз алдында үйренді, әншілік өнеріне барша жұрттың сүйіспеншілігіне бөленген майталман әке баулыды.

Қаршадай Естай да домбыраға әуестеніп келеді. Домбыра пернелерін еркін басуға кішкентай саусақтары жетпей жатса да, ол «Сары жайлау», «Сылқылдақ» күйлерінің басын тартады. «Заречная көшесіндегі көктем», «Әрқилы тағдыр», «Алғашқы махаббат туралы повесть», «Біздің көршілеріміз», «420-шымырза» фильмдеріндегі әндер мен жеке романстарды да олар аяулы ана мен абзал әкенің көз алдында үйренген.

Осының бәрін есіне алып, көз алдына елестетіп отырған әке ұлының әлгіде ғана қойған сұрағына іштей қуанулы еді. Әкенің қуаныштан жайнап салған жанары, манадан бері өмірінің осынау жалғасына әке-



Қазақ ССР-ның халық артисі, майталман әнші отырған кезі. Кесте тігіп отырған — ол кісінің

лік мейіріммен тояттай қараған сайын оның көз алдынан ауылда өткен өмірі, сонау балалық шағы елес беріп өте берген.

Ол кезде тым жас, алдында отырған мына Естайдай ғана балбұл жанған бала еді. Осындай кезінде қолына домбыра ұстап, үй ішін, ауыл-аймақтарын тәй-тәй басқан өнерімен риза ететін. Әнші ағасы Жақыпбектің тізесін дәл Ақан сияқты шынтақтап қана отыратын да, сол дарынның аспандата шырқаған өлеңін тыңдайтын. Әлгіде ғана радиодан өзі айтқан «Ардағы» мен «Сұржекейін» ол осыдан отыз-қырық жыл бұрын, қараша үйдің шаңырағы астында, аға тізесін шынтақтай отырып тыңдаған.

— Бүгін ешқайда барма, қозыға да барма, жанымда отырып, ән тыңда! — деген ағаның сондағы айтқан сөзі де дәл қазір құлағыңда тұрғандай.

— Я, біз әнді солай тыңдайтынбыз! — деді әке.

Манадан бері қойған сұрауына жауап күтіп, әке аузын бағып отырған Ақан:

Жүсіпбек Елебековтың кенжесі Естайға ән үйретіп зайыбы Хабиба.

— Папа, қай әнді айтасыз? — деді.

Ойға шомып кеткенін енді ғана аңғарды әнші. Тізесін баса Ақан баласы әлі отыр екен. Әннен туған әсерден баланың да толқын күйі сезіледі. Осы күйдің үстінде әкенің:

— Жаңа ғана өзің естіген «Ардақ» пен «Сұржекейді» айтам, ұлым, — деген даусы шықты.

— Ол әндерді кім шығарған, папа?

— Ол әндерді халық шығарған, — деді Жүсекең көңілдене түсіп. — Халық шығарып, ұрпақтан ұрпаққа өткізген. Сөйтіп, біздің заманымызға жеткен. Қалай, ұнады ма саған?

— Ұнағанда қандай. Тым әсерлі ғой.

— Я, әсерлі! — деді әнші даусын соза. Ол шабыттана сөйледі. — Тегінде, әсерсіз ән — ән болмайды, Көңіл күйін шертпесе, сезімді оятпаса, бойды балқытпаса — ол ән ақылсыз, есер ән. Құр айқай — ән емес.

— Сіз ән салғаныңызда, көзіңізден кейде моншақ-моншақ жас көрінетіні несі?

— Сен бәрін байқап жүреді екенсің ғой өзің. Ол — ән, әннің құдреті, ұлым. Беріліп

айтпасаң әннің дәмі кетеді, құты қашады не махабаты, не қасіреті болмайды. Жас моншақтайтын себебі сол.

— Ал, Ардақ, Сұржекей дегендер не, папа?

— Ардақ — қыздың аты, Сұржекей — жақсы ат, шырағым. Бұл әндерде көп мән, терең сыр бар. Оған өсе келе түсінесің.

— Кешегі айтқан әніңіздің аты не еді?

— Кешегі айтқан ән бе? Е, ол «Ғалия» ғой.

— «Ғалияны» кім шығарған?...

Осы кеште әнші балаларына әннен туындаған бірсыпыра әңгіме айтып еді. Сонау Арқада өткен Біржан, Ақаннан бастап, Мәди, Естайға дейін, Балуаншолақ, Әсетке дейін бірқыдыру шолу жасап, солар жасаған дәуірге балаларымен бірге сапар шеккендей болған... «Ән — асыл, өшпес өнер, — дегенді айтты ол. — Көңілің жабығып, аса бір қажыған шағыңда, шабытың тасып, асқан сәтінде де ән үлкен серік, жан серігіндей ғой, шіркін!»

Әке аузынан түйдек-түйдегімен ағытылған бұл сөздерді әншінің балалары аузын аша тыңдап еді. Әңгіме шеті басталғанда-ақ бәрі әке маңына жиналып, үйіріле қалған. Әңгімесін аяқтап болған әнші басын көтеріп алды да, түбі сенен бірдеңе шығады дегендей, кішкентай Естайына иек қағып:

— Кәне, Естай, мына біздерге бір күй тартып берші, — деді.

Бала екі аяғының арасында тұрған домбырасын алдына көлбей тартты да, қос шекті шерте бастады. Домбырадан біртіндеп көңілге таныс, күнделікті естіп жүрген бір әуендер шықты. Бұл әуендер бір-бірімен

ұласа келіп, «Дайрабай» деген үлкен күйдің басын бергендей болды.

Манадан бері әңгіме айтып та, осы ойлармен болып та отырған атақты әнші балаларының өнеріне қызыға қараған. Осы қызығудың үстінде өсер ұрпағын бір-бірлеп сүйсіне атап еді.

— Кәне, енді Біржанды тыңдайық...

— Ақан скрипка тартсын...

Әншінің семьясындағы бір кеш, міне, осындай ән мен жырдың әуезді әуеніне бөлене өтіп еді.

\* \* \*

Осыдан соң Қазақ ССР-ының халық артисі Жүсіпбек Елебековтің үйінде тағы талай кеш өтті. Тіпті бірінен-бірі үдере, оза күн сайын өтті. Ән, домбыра, скрипка, пианино үйрене бастағалы әншінің балалары да ән дариясына құлаштай жүзді. Мектептен келген соң, сабақ әзірлігінен, кітап оқудан кейінгі мектеп — үйдегі музыка «мектебі» болады. Бұл күндерде олардың әрқайсысында да ән мен күйден туындаған белгілі бір мағлұмат бар. Ол мағлұматтар күн асқан сайын молайып, өзгеше бір өсумен шеңберленіп келеді.

...Есіктен ентелей басып, еркелей сөйлеп кірген Біржан сумкасын орнына қойды да, пианино ойнап отырған Дариғаның қасына келді. Ақан скрипкасын, Естай домбырасын қолына алды. Музыка «сабағы» бұл үйде тағы да басталып кетті.

Н. Шәкеев.

### АТАҚ АЛАР АЙҚАЙСЫЗ ДА

Талғар шыңы, байқайсыз ба,  
Танылады бойымен...  
Басыңызды шайқайсыз ба:  
«Не айтпақсыз?» деп онымен.  
Атақ алар айқайсыз да  
Адам еңбек қолымен.

### БІЗДІҢ ОРАҚ — СОНДАЙ ОЛАҚ

Қадаймын деп түсіп қалған түймесін,  
Қоса тікті костюміне жейдесін.  
Біздің Орақ —  
Сондай Олақ!  
Орындықтың шығып кеткен шегесін,

Қағамын деп, ұрып алды шекесін.  
Біздің Орақ —  
Сондай Олақ!

### БІЛМЕЙ МЕ КҮШІК ОНДАЙДЫ

Таңертең жауды күміс қар —  
Өкелді суық тұңғыш қар.  
Бүрісіп, жаурап, құнысып,  
Үйшікте жатыр сұр күшік.

Қытымыр келер қысқы шақ,  
Мұздаса бойы, тоңса егер,  
Жылынар еді,  
біз құсап.  
Жүгіріп-жүгіріп алса егер...  
Спортшы қыста тоңбайды,  
Білмей ме күшік ондайды?!

### АЛТАЙ СУРЕТ СҰРАЙДЫ

Алтай сурет сұрайды,  
Алып қойсаң жылайды.  
Көзің тайса,  
суретті  
Қайшыменен турайдды.

Сонда сурет жылайды,  
Көзі жасын бұлайды:  
— О заманда, бұ заман  
Көргем жоқпын мұндайды!

Алтай да оны аяйды,  
Айырмайды, бояйды.  
Бұзау ма, әлде бақа ма —  
Танымайсың торайды.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.

## ЖАПОИ ЕР ТЕГІЛЕРІ

### ЕКІ ЖАЛҚАУ



аздың тамылжыған ыстық бір күні екен. Бір жалқау шығыс деревнеден шығып батыс деревнеге қарай таңнан бері ілбіп келе жатады. Жолшыбай ашығып қалмасын деп, оның беліне бір түйіншекке нан түйіп береді.

Батыс деревнеден де бір жалқау шығып, таңнан бері шығыс деревнеге жете алмай келе жатады. Оның басына ши қалпақ кигізіп, ол басына түсіп қалмау үшін жіппен иегінің астынан байлап беріпті.

Ол екеуі, әйтеуір, өлдім-талдым деп шығыс деревне мен батыс деревненің арасындағы орта жолға жеткенде күн тас төбеден шақырайып, күйіп тұр еді.

Осы кезде шығыс деревнеден шыққан жалқаудың қарны ашқаны соншалық, тіпті оның көзі қарауытып, талықсуға айналды. Бірақ, жеу үшін беліндегі түйіншекті шешіп ішінен таба нанды алу керек және оны ауызға апарып салу керек қой! Ой-



ланбасқа амалың болмас! Бұл бір әуре ғой, мұндай әуреге түскенше, аш қалғанның өзі жақсы.

Кенет ол жолда өзіне қарай ілбіп келе жатқан ши қалпақты адамды көреді. Аузы аңқайып, аяғын әрең-әрең алып сүйретіліп келеді.

«Еңе, ол да ашығып келеді екен!— деп ойлады шығыс деревненің жалқауы.— Аузының аңқиюын қарашы, тіпті сілекейі сорғалап тұр.»

Солай ойлаған ол:

— Әй, достым, егер қарның ашса, мен саған таба нанымның жартысын берейін. Тек, сен қайырым етіп, белімдегі түйіншекті

шеш те, таба нанды ал, екіге қақ бөл де, жарымын менің аузыма сал,— деді.

Ал, оған батыс деревненің жалқауы:

— Еңе, ендеше біз былай етейік: сен әуелі менің мынау иегімнің астындағы жіпті қаттырақ тартып байлап жіберші! Әйтпесе, басымдағы қалпағым түсе береді, соның кесірінен аузымды аңырайтып жүргенім,— деді.

### ЖАПАЛАҚ ПЕН ҚАРҒА




рте кезде жапалақ күндіз ұшады екен және ештеңеден қорықпайды екен. Ол заманда жапалақ бояушы болыпты. Оған әр түрлі құстар ұшып келіп, қызыл дейсін бе, көгілдір, әлде сары дейсін бе... қандай

керек болса сондай түске өзін боятып алып кетеді екен.

Қарға соларды көріп, құмартады. Ол керемет сәнқой болса керек, жапалаққа өзін ең әдемі бояумен боятып алғысы келіпті. Сөйтіп, жапалаққа ұшып келіп:

— Жапалақ ханым! Жапалақ ханым! Мені бұрын болмаған, өзге құстардың ешбірінде жоқ, ерекше бір бояумен бояп берші. Мен өзімнің көркемдігіммен бар әлемді таң қалдырайын,— депті.



— У-гу, у-гу, бопты!— деп жапалақ құптай кетеді. Қарғаны қандай түске салсам екен деп ойлап, жапалақ әбден басын қатырыпты. Ақыры, ол қарғаны ең тәуір деген қап-қара бояу құйылған құмыраға әкеп салыпты. Сонан соң қарғаны құмырадан суырып алып:

— Мінекей, енді саған тең келетін құс атаулы жоқ,— депті.

Қарға қуанып, өзін қандай түске бояғанын көру үшін айнаға ұмтылыпты. Көріпті де, санын бір-ақ соғыпты. Басынан бастап дәл құйрық қанатының ұшына дейін қап-қара, тіпті, көзі қайсы, тұмсығы қайсы екені белгісіз!

— Мені сен бұл қандай түске бояғаның, оңбаған?— деп қарға ашу шақырады.

— Сен өзін ғой, маған, бұрын болмаған, ешбір құста жоқ түске бояп бер деген!— деп жапалақ басын арашаламақ болады.

— Тоқта, бәлем, тоқтай тұр! Енді сен менің қас дұшпанымсың! Мен саған кегімді жібермеймін!— деп қарға кіжініп қарқ-қарқ етті.

Сол кезден бері жапалақ күннің жарығында ұшпайтын болыпты. Қарға кек ала ма деп қорыққан жапалақ күндіз тығылып жатады екен.

## КӘРІ АТ

Ір күні шаруа кәрі атын жетектеп, күнжара сататын дүкенге келді.


— Сен, немене, он екі тақта күнжараны бір-ақ жола алып кеткің келе ме? Тым көп болмай ма? Оданда тағы бір қабат кел. Бәрібір сенің атың сегізден артықты көтере алмайды,—

деді оған дүкенші.

— Иә, сенің мұның жөн екен,— деді шаруа.— Менің атым кәрі, оған сегіз тақтаның өзі көптеу.

Әкел, мен оның үстіне алтауын ғана салайын.

Сөйтіп, ол алты тақта күнжараны атының қанжығасына байлады да, ал қалған алтауын өзі арқалап алды. Жолшыбай әбден ыңкылдап шаршаған соң, ойланып тұрды да, атқа өзі мініп алды.



— Шу! — деп айқай салды ол.— Кеттік! Үстіндегі осыншама жүкпен ат жарықтық аяғын әрең алып жүрді. Бір аттап тоқтап, екі аттап және тоқтады. Бұл жүріспен деревнеге қашан жетпекші? Шаруа ашуланып:

— Өй, арамқатқыр! Мен сенің арқана не бары алты-ақ тақта салдым ғой, қалғанын өзім арқалап келемін, ал сен сонда да аяғыңды бір баспайсың!— деді.

## «ЕПИСКОП ШҰҢҚЫР»



іреудің аузына қақпақ қоя алмайсың» дейді халық. Расында да: жұрт біреуді қалжың қылса, оларға тыйым салмайсың ғой. Бір атақ таңған соң, содан құтылуға болмайды.

Мәселен, Киото қаласында бір әулие атай тұрды. Оның аты Регаку деген епископ болатын. Әлде қалай оның храмының алдынан эноки деген ағаш өсіп шығыпты. Сол-ақ екен, жұрт әулие атайды «Епископ Эноки» деп атап кетті. Қала жұртының бәрі осылай атады.

Епископ ашукой адам еді:

— Менің нағыз өз есімім былай қалып, олардың мені епископ Эноки деп атауы несі! Мынау ағашы түскірді кесіп тастау керек!— деді.

Эноки ағашы кесіліп тасталды.

„Енді құтылған шығармын-ау! — деп ойлады епископ Регаку. Бірақ, олай болмады! Ағашты кескенде, оның түбірі қалып қойған еді,

енді жұрт әулие атайды «Епископ Түбір» деп атауға айналды.

Бұл оның бұрынғыдан жаман шамына тиді.

— Түбірді қопарып тастау керек! — деп ақырды ол.

Түбірді қазып қопарып тастап еді, орны үп-үлкен шұңқыр болып қалды.

Енді епископ Регакуды «Епископ Шұңқыр» деп атай бастады. Бұл атақтан ол өмір бойы құтыла алмады.



## МЕНДУАНА



ір жолы жібек сатушы саудагер асханаға түнемек болды.

Асхана қожасының әйелі дүниекоңыз көрсеқызар екен. Саудагердің арқалаған жүгін көріп: «Мынау нәрсесін біздің үйде ұмытып тастап кетсе игі еді, байып кетер едік!»—деп ойлайды.

Бұл ойын күйеуіне айтады. Ал, күйеуінің дүниекоңыздығы әйелінен де асқан, әрі алаяқ қу болатын. Мінекей; ол тұрды да:

— Оған мендуана беру керек, содан артық айланы таба алмайсың. Мендуана жеген адам есіріп, ұмытшақ болады,— деді.

Айтқанша болмады — істелді. Әйелі далаға барып, үлкен бір құшақ мендуана жұлып әкелді. Сонан соң ол бұл уды тамақтың бәріне араластырды тіпті күрішке де мендуана қосып пісірді, сөйтіп, қонақты ауқаттандырды. Саудагер бұдан кейін мүлде есінен айрылды, беті-басы қып-қызыл болып, ыңқылдап, күрсілдеп, түні бойы төсекте ұйықтай алмай шықты. Ал, таңертең таң білінуі мұң екен, шапшаң орнынан тұрып, жүріп кетті.



Ол кетісімен үй қожасы әйел оның бөлмесіне жетіп барды.

«Сірә, бәрін де ұмытқан болар!»— деп ойлап, күні бұрын дәметкен ол саудагердің жатқан үйін асықпай шарлап өтті. Бірақ, төсектен басқа, бөлмеден ештеңе табылмады.

— Соншама мендуана жегенде, ешқандай әсері болмағаны ма! — деп өкініш білдірді үй қожасы әйел.

— Олай болуы мүмкін емес! — деді күйеуі. Сөйтіп, ол да бөлмеге кіріп, қарап шықты, бірақ, ештеңе таба алмады. Біраз уақыт асхана қожасы бірден ойлап тұрды да: «Мүмкін емес, мендуана жеген соң, бір нәрсесін ұмытпауы мүмкін емес» — деп күбірледі. Сонан соң ол кенет санын бір соғып:

— Е, бәсе! Ұмытты! Ұмытты! — деп айқай салды.

— Ұмытты?... Нені ұмытты ол?

— Қонғаны үшін төлемей кетті!...

## «КАЙСАР» САМУРАЙ



ір күні бір самурай әлде қалай шаруаның жұпыны лашығына қонбасы бар ма. Шаруа оған төсек салып беріп:

— Мырза, үстіңізге бірдене жабуға әмір етесіз бе? — деп сұрайды.

Самурай оған:

— Оранып-шымқанып жаман үйренген өзіндей мұжық көресің бе. Мен — жауынгермін! Күн қандай жайсыз болса да, далада да түнеп шыққамын. Түнгі салқыннан қорқатын мен ғой деп пе едің! — деп мақтанышпен жауап береді.



Таң ата салқын түседі. Самурай оянып кетеді, тісі-тісіне тимей сақылдайды. Шыдай-шыдай бағып еді, болмады, ақыры шыдай алмай:

— Қожайын, ей қожайын! Осы сендер, мұжықтар, түнде тышқандар мен көртышқандардың табанын жуасындар ма? — деп сұрайды.


— Жоқ, мырза! Бізде ешкім өмірінде өйтіп көрген жоқ!

— Ә, солай ма! Ендеше, олар менің жібек киімдерімді былғап тастамасын, тезірек үстіме бір нәрсе жаба ғой! — деді самурай.

Орысшадан аударған

Р. Есілов.

# Математиканың лабораториясының маңызы



О. А. ЖАУТЫҚОВ.

физика-математика ғылымдарының кандидаты.


Қазіргі уақыттағы әңгіме болып жүрген электрондық есептегіш цифрлық машина бір күннің ішінде пайда болған жабдық емес, оның жүздеген жылдай тарихы бар. Есептеу ісін дұрыс жолға қоймай, экономика, финанс, сауда, жоспарлау, құрылыстарды жобалау, өндіріс объектілерінің техникалық процестерін бақылап зерттеу, есептеуге қатысы бар тағы басқа жұмыстардың бәрін де жүргізу мүмкін емес.

Адамзат қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген машиналық математиканың маңызын ауызбен айтып жеткізу қиын. Дегенмен, машиналық математиканың ролін көрнекі түрде елестету үшін бірнеше мысалдар келтірейік. Күндік системаның егжей-тегжейін толығырақ білу жаратылыс тану ғылымдарында, олардың ішінде өсіресе астрономияда ең маңызды, қажетті мәселелердің бірі. Күндік системада бірнеше мыңдаған кішкентай планета бар, оларды астероидтар деп атайды. Міне, Жерден басқа планеталарға саяхат жасағанда, космостық транспорттың сол астероидтармен соғылысып қалмауын қамтамасыз ету үшін, олардың қозғалыс траекториялары күні бұрын жіті есептелуі керек. Бұл есептеу жұмысы тек есептегіш машинаның көмегімен ғана жүзеге асырылады. Осындай күрделі мәселе жөнінде есептегіш цифрлық машинаның көмегімен көп жұмыстар істелді. Электрондық есептегіш цифрлық машинаның көмегімен, күнді айнала қозғалушы бір мың алты жүз кішкене планеталардың қозғалыс траекториялары есептеледі. Бұл есептеу болашақтағы астронавигация (планеталар арасында қатынас жолын жасау) мәселесі үшін ғана емес, системасының қалай пайда болғанын зерттеуге керекті мәліметтерді жинап қорыту үшін жасалған.

Бұрын бір планета серігінің қозғалыс траекториясын, он күн бұрын, алдын ала есептеу үшін, он бес минут уақыт кететін болса, қазіргі заманда электрондық есептегіш цифрлық машинаның көмегімен Күн системасындағы барлық планеталардың қозғалы-

сын, ширек ғасыр бұрын, алдын ала тегіс болжап айту үшін, бар болғаны, бес жүз сағат уақыт керек.


1954 жылы астрономдар Юпитер планетасының он екі серіктерінің ішінен, оның сегізінші серігінің суретін (фотографиясын) алмақшы болған. Бірақ, бұл серік 1941 жылдан бастап байқалмаған, мұның былай болу себебі: серік қозғалысының дәл траекториясы белгісіз еді. Міне, осы траекторияны дәл есептеу үшін электрондық есептегіш машина қолданылды. Жиырма минуттың ішінде электрондық есептегіш цифрлық машина Юпитердің сегізінші серігінің жиырма бес жыл ішінде болатын бүкіл қозғалысын алдын ала есептеген. Осы есептердің нәтижесі бойынша 100 дюймдық телескоппен байқау жүргізіп, астрономдар Юпитердің жоғалып кеткен серігін тапқан.



Совет ғалымдары мен инженерлерінің үздік еңбектерінің арқасында жердің жасанды үш серігінің ұшырылуы туралы тағы да айтпауға болмайды. Күнделікті газеттерден Жер серігінің траекториясы туралы толық мәліметтер беріліп отырады. Сағатына 30 мың километр жылдамдықпен қозғалушы кішкентай «алтын жұлдыздың» траекториясын күн бұрын болжап айту ненің арқасында болып отыр! Жауап біреу-ақ. Атап айтқанда, бұл ғажайып істердің барлығы электрондық есептегіш цифрлық машинаның арқасында жүзеге асырылып отыр. Бұл машиналардың көме-

гінсіз космосты меңгеру тіпті мүмкін емес. Электрондық есептегіш цифрлық машинаның көмегімен ауа райын күні бұрын болжап айтуға болады. Ауа райын алдын ала болжап білу халық шаруашылығының барлық салаларына керек мәселе.

Электрондық есептегіш цифрлық машинаның арқасында атомдық физиканың, реактивті самолеттер тер-



беліс теориясының көптеген қажетті проблемалары шешілді. Басқарылатын және басқарылмайтын баллистикалық ракеталар қозғалысы да дифференциалдық теңдеулермен сыпатталады. Бұл теңдеулерді есептегіш машинаның көмегімен шешу мүмкін емес.

Электрондық есептегіш машинаның конструкциясы және ішкі құрылысы өте күрделі. Бұл шағын мақалада оның бәрін айтып беруге мүмкіндік жоқ. Алайда, оның негізгі тетіктері туралы бір-екі ауыз сөз айту орынды. Әңгіме боп отырған машинаның негізгі жабдықтары мыналар: 1. сандарға жүргізілетін амалдарды орындауға арналған арифметикалық жабдық, 2. сандарды қабылдауға, сақтауға және оларды беруге тағайындалған «еске тұту» жабдығы, бұл жабдықты машинаның «есі» деп атайды, 3. машинаның автоматты қызметін басқаруға арналған басқару жабдығы.

Бұлардан басқа тағы да машиналардың құрамында көптеген арнаулы жабдықтар бар. Мүмкіндік болғанда оларды өз алдына талдармыз.

Электрондық есептегіш машиналардың көмегімен математикалық есептеулерден басқа мәселелерді де шешуге болады. Мәселен, мұндай машиналардың көмегімен бір тілден екінші тілге аударуға болады. Бір тілден екінші тілге аудару тиянақты ереже бойынша жасалады, сондықтан оны электрондық есептегіш машинаның көмегімен жүзеге асыру үшін тиісті программа жасау керек. Шет тілді жетік білмейтін адам оны өзінің білетін тіліне аудару үшін сөздікке жүгіреді: сөздіктен өзіне белгісіз сөздердің мағынасын тауып алып сәйкесті сөйлемдерді құрастырады. Міне осы жұмысты электрондық есептегіш машинада жасатуға болады.

Сөздіктен белгісіз сөздердің мағынасын машинаға таптыру қиын емес. Бірақ мұндағы сөздік әдеттегі пайдаланылатын кітап түріндегі сөздік емес. Мұндағы сөздік машинаның өз ерекшелігіне қарай жасалған.


Машиналық математиканың дамуымен байланысты, ғылым мен техниканың тіпті жаңа саласы — кибернетика ғылымы пайда болды.

Электрондық есептегіш машина таза есептерден басқа логикалық есептерді де шешеді. Есептегіш машинаның осындай қаблеттілігі кибернетика ғылымының тууына себеп болды.

Осы замандағы электрондық есептегіш цифрлық машиналар алуан түрлі логикалық мәселелерді шеше алады. Сондықтан да, мұндай машиналар қазіргі уақытта автоматты түрде басқару үшін үлкен заводтарда, аэродромда, темір жолдарда пайдаланылады. Бұл машиналарды, әсіресе, адамның ден саулығына, өміріне зиян келтіретін өнеркәсіп орындарымен өндірістердің салаларына, мәселен, атап айтқанда, химиялық, атом-

дық өнеркәсіптерді автоматты түрде басқаруға қолданады.

Егер, өнеркәсіптік, өндірістік процессте күтпеген жерден апат (авария) болып қалса, оған машинаның өзі белгі береді де, өзі түзей бастайды.



Соғыс ісінде электрондық есептегіш цифрлық машиналар, артиллерия-

ның ату проблемаларын шешу үшін, басқарылатын реактивті баллистикалық ракетаны тиісті нысанаға көздеп жіберу үшін, самолеттер қозғалысын автоматты түрде басқару үшін қолданылады.

Электрондық есептегіш машинаны адам миымен салыстыруға болады. Себебі, машинаның басқарушы жабдықтары мидың кейбір функцияларын орындайды.

Қазіргі замандағы техника адамның миының кейбір функцияларын модельдейтін халге жетті. Мұндай модельдеуді жүзеге асыруда, математикалық ғылымдардың жаңа саласы — информация теориясы маңызды рольді атқарады.

Машиналық математика — ғылымның осы замандағы зор табыстарының бірі.

## „ҚАЗАҚ ЭПОСЫ“

Қазақ халқының әдебиет тарихында ауыз әдебиетінің ерекше орны бар. Ел басына төнген ауыр күндерде қолына қару алып ажалмен алысқан ерлер туралы талай жыр осы күнге дейін сақталып келді.

Биыл сол жырлардың біразын Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы жеке кітап етіп басып шығарды. Бұл кітапта «Қобланды батыр», «Алпамыс батырдың хикаясы», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» туралы жырлар бар.

Халық өзінің көкейдегі арманын жыр жолдарымен өрнектеп ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізе білген. Жазба әдебиетінің болмаған кезінде бұл жырлар ақын, жыраулардың айтуымен көптің құлағына тиген, көкейлерінде жатталған.

Осы жырларда халықтың талай заманнан бергі арманы, тілегі сөз болады. Әділет салтанат құрады. Ел үшін еңіреген ерлер мұратына жетеді. Мысалы: «Қамбар батыр» жырында кедей арасынан шыққан Қамбардың алпыс үйлі Арғынды, тоқсан үйлі Тобырды аң аулап асырағаны сөз болады. Осы жолда жүрген Қамбар Назымға көңіл қосқанда да артта қалған жадау елін ойлайды.

«Ұрлық қолдан келмейді,  
Ат үстінен соғыс қып  
Жемесем тауып нанымды.  
Екі аяғым салақтап,  
Аш бөрідей жалақтап,  
Қинады жоқтық жанымды.  
Ұядан жалғыз баламын  
Құс етін беріп бағамын  
Үйдегі екі кәрімді.  
Қабатыма аламын  
Алпыс үйлі Арғын мен  
Тоқсан үйлі Тобырды»



Бұл—Қамбардың сөзі. Оның шын сыры. Бұл жыр халықтың қамын ойлайтын ер туса екен деген идеяның салтанаты секілді талайдан бері көркемдік құндылығымен де, шалқыған ерлік пафосымен де әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды туынды.

Ал, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» мен «Айман-Шолпан» лиро эпостары сол баяғы замандағы өз сүйгеніне қосылуға ұмтылған адал махаббат иелерін бүгінгі оқушыға таныстырады. Әсіресе, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қазақ оқушыларына әбден таныс.

Балалар, сендер қарт әжелеріңнің аузынан бұл жырды талай рет естіген боларсыңдар. Театр сахнасынан бұл жырдың пьесаға айналғанын көрдіңдер. Тіпті еліміздің кино-театрының экрандарынан да соңғы жылдары «Махаббат поэмасы» деген картинаны сан рет көрген шығарсыңдар. Осының өзі-ақ ауыз әдебиетінің халықтың қазнасына айналғанын әбден дәлелдейді.



## ҰРЛАНҒАН ХАТ

Жақында «Біздің почта» бөліміне бір хат түсті. Хаттың авторы — 7-класс оқушысы Әнес Суханов. Әнес хатының атын «Кітап менің сүйікті досым» деп атапты. Балалар, сендер «Пионер» журналының июль айындағы 7-санын тағы да ашып көріңдерші. Сонда Ұлытау орта мектебінің оқушысы Ж. Жарасбаеваның мақаласы басылған болатын. Әнестің хатының осы мақаладан еш айырмашылығы жоқ. Түгел көшірілген. Бір сөзбен айтқанда — ұрлаған.

Мұны қалай түсінуге болады. Суханов өзін Ж. Жарасбаевадан кем санай ма?

Әлде, Әнес, оқушыларға осы секілді ұрланған хаттарды ұсынуды лайық көре ме екен?

Немесе, жас балаларға мұндай ұрлықтар кешірімді деп есептеді ме?

Ол туралы Әнестен өздерің хат жазып сұрарсыңдар. Оның адресі: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Қызыл ту» колхозы.

Әнес хатының соңында «Осы мақаланы бөтен достарым да естісін. Олар да осындай кітап оқуды сүйсін. Сондықтан, журналға бастырып шығаруыңызды өтінемін» — депті. Бірақ, ұрланған хат иесінің өтінішін редакция орындай алмады.

## ЖАҢА ИНТЕРНАТ

Біз қазір интернатта тұрамыз. Бұрын «Ленинский путь» колхозының орталығындағы мектепке фермадан қатынап оқу бізге өте ауыр еді. Қазір кең, әрі жарық бөлмелерде бірнеше бала бірігіп сабақ оқимыз. Интернаттың жанында кітапхана бар. Оған жиі барып көркем әдеби кітаптарын жаздырып алып оқып тұрамыз.

Интернаттағы күнделікті жаңалықты «Интернат бұрышы» деген қабырға газетімізге жазып тұрамыз.

Биыл бізге арнап үлкен жаңа мектеп салына бастады. Сабақтан қолымыз бос кездерде мектептің құрылыс жұмысына да көмектесеміз.

Ұ.Өмірзақова,  
Қ. Балқыбекова.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, «Ленинский путь» мектебі.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Жер серігін жасадық» деген суреті. Мұқабаның соңғы бетіндегі «Жаңа жылың құтты болсын, жас достар» деген сурет.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.


Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журнала «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 20/XII—1958 г. УГ06599. 34 × 108<sup>1</sup>/<sub>16</sub> — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 39300 экз, Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2459.

1049824



## КРОССВОРД

Тігінен:

1. Япониядағы қала. 2. Табиғатты өзгертуші ғалым. 3. Африкадағы жер. 4. Азиядағы мемлекет. 6. Қ. Аманжоловтың өлеңдер жинағы. 7. РСФСР-дағы қала. 9. Турциядағы қала. 10. Күй. 11. РСФСР-дағы облыс орталығы. 13. Электр күшінің өлшемі. 14. АССР орталығы. 15. Түйе. 20. Геометриялық атау. 21. Геометриялық дене. 22. Оңтүстік Америкадағы шөл. 23. Сан. 25. Электр дорасын алғаш ашқан орыс физигі.

Көлденеңінен:

2. Балық. 5. Кір жойғыш. 8. Ақша сақтайтын орын. 11. Мемлекет. 12. Еуропадағы өзен. 16. Мемлекет астанасы. 17. Математикалық термин. 18. Бас киім. 19. Газет-журналдар дүкені. 23. Тау тағысы. 24. Кернеу өлшемі. 26. Югославиядағы порт. 27. Құс.

Құрастырған Б. Өтелбаев.  
Алматы қаласы.

## ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 8-санындағы криптограмманың жауабы.

«Оқысаң өмір кілті өз қолыңда, жайнайды өмір ұқсап бейне гүлге».

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Р. Нырметов (Гурьев облысы, Гурьев ауданы, Дамба селосы), Н. Дәрібаева (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы жетіжылдық мектебі).

«Пионер» журналының 9-санындағы кроссворд-чайнвордтың жұмбақтардың жауаптары.

## КРОССВОРД

Тігінен:

1. Бокс. 2. Ант. 3. Қыс. 4. Тибр. 7. Май. 8. Ара. 9. Тула. 11. Алма. 12. Қар. 13. Нар.

Көлденеңінен:

1. Бота. 3. Қант. 5. Тас. 6. Сым. 8. Акр. 9. Тай. 11. Апа. 12. Қан. 14. Амур. 15. Роза.

## ЧАЙНВОРД

1. Сталинград. 2. Донбасс. 3. Сатира. 4. Айсберг. 5. Гейне. 6. Ер Тарғын. 7. Науан. 8. Иран. 9. Ньютон. 10. Некрасов. 11. Валдай. 12. Йошкар-Ола. 13. Аскар. 14. Роман. 15. Намыс. 16. Сахара. 17. Антарктика.

## ЖҰМБАҚТАР

Терезеңің әйнегі, пеш, тіс, түйме, мұржа, есік, көз, қол шатыр, тырнақ, қалам, дәуіт, бес саусақ.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

С. Данияров, Н. Оспанов, Ә. Байымбетов. (Алматы қаласы). К. Маханов, Ж. Сыдықов (Жамбыл облысы, Жуалы ауданы).

Ү. Сейдімбекова (Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы). С. Нұрғиязова (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы). Н. Жарықов (Ақтөбе облысы, Шалқар станциясы). Б. Мақсұтов (Батыс Қазақстан облысы, Қазталовка ауданы).

«Пионер» журналының 10-санындағы кроссвордтың жауабы:

Тігінен:

1. Матросов. 2. Громова. 3. Тюленін. 4. Кошевой. 5. «Жас гвардия». 7. Котик.

Көлденеңінен:

6. Космодемьянская. 8. Морозов. 9. Корчагин. 10. Әлия.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

А. Сембин (Жамбыл облысы, Сарысу ауданы), М. Қорықбаев (Талдықорған облысы, Панфилов қаласы), А. Мадиев (Қостанай облысы, Тарақов ауданы), Ә. Нұржанова (Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы), А. Маканов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы), А. Әділбеков (Семей облысы, Ақсуат ауданы).